



№10 (5981) Сенбі, 7 наурыз, 2015 жыл Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады



Аяулы Аналар мен ардақты Арулар!



*Әйел-Ана -
жақсылықтың
тұма бұлағы!*

Аяулы Аналар мен ардақты арулар! Сіздерді көгілдір көктемнің көрікті мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен риясыз көңілмен құттықтаймыз.

Қай елде, қай заманда болмасын Әйел-Ана – өмірдің мәні, тіршіліктің тірегі, сұлулықтың символы болып келеді. Адамзат баласына жарық дүние сыйлап, мейірім шуағы мен ыстық махаббатын арнайтын Аналар – қашан да құрмет пен қошемет иелері! Әйел-Ана алдында борыштар емес адам баласы жоқ. Күннің нұрындай шуақты, Ай сәулесіндей арайлы нәзік жандылар мерекесінің, көгілдір көктемнің ең алғашқы мерекесі болуы да тегін емес болар. Өйткені адамның бойындағы қайырымдылық пен парасаттылық, адамгершілік пен ізгілік сияқты асыл қасиеттер ана сүтімен дарып, ана тәрбиесінен бастау алады. Ана – жалғандағы барлық жақсылық атаулының қайнар көзі, тұма бұлағы! Сол себепті де адам баласы Анасына басын иіп, мың тағзым етеді!

Біз бүгін аудан аумағындағы барлық Аналар мен қыз-келіншектерді 8-ші наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ та қызықты ғұмыр, жемісті еңбек тілейміз. Аспандарыңыз ашық, көңілдеріңіз шат, өмірлеріңіз қуанышқа толы болсын!

Ұлытау ауданының әкімі
Х.ОМАРОВ
Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Т.СЕЙТЖАНОВ



Қоң жылы – болғалы тұр той жылы

2015 жыл қызық пен қуанышқа толы той жылы болғалы тұр. Сонысымен де бұл жыл тарихта қалады.

Біздің төл мерекеміз 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні үлкен мерекелер қарсаңында келіп отыр. Санаулы күндерден кейін Мұсылман халқының ұлық мейрамы – Ұлыстың Ұлы күні наурыз келеді. Одан кейін 26 сәуірде ҚР Президентінің сайлауы өтеді. Бұл маңызы зор үлкен мереке. Одан кейін Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы тойланады. Бұл даңқты мереке, сол сұрапыл соғыста құрбан болған миллиондаған боздақтарды еске алып, рухына тағзым етіп, соғыс және тыл ардагерлеріне лайықты Жеңіс күні. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының және Ата Заңымыздың 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтеді.

Міне, осындай мерекелер қарсаңында келіп отырған 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен аудандағы барлық ардақты аналарды, қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын. Әр шаңыраққа ырыс, бақыт, елге бірлік-береке тілеймін.

Тілеулес ЖАНАБАЕВА, көпбалалы ана.
Борсеңгір ауылы.

*Әйел-Ана -
отбасының
жүрегі*

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты.

Қазақ әйелі бағзыдан даланы қорғаған, ерлермен бірге ерлік жасаған. Қазақ әйелі тек қана ошақ басының емес, бүкіл өмірін, ұрпағын сақтаған, ерліктің үлгісін көрсеткен. Бесік тербейтін, батырды өсіретін, ұлтымызды сақтайтын, ертеңгі ерлерді өсіретін әйел, келін, ана.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

Қымбатты ханымдар! Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толатамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектітеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілейміз!

Көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әрдайым әдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін. Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілейміз!

Ұлытау ауданы Іскер
әйелдер қауымдастығы.

Президент сайлауы қарсаңында

ЕЛБАСЫН ҚОЛДАҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

Жуырда аудан орталығында «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XIII партия конференциясы болып өтті.

торы Г.Көпеева, Шеңбер селосы жеке шаруа қожалығының иегері С.Сұлтановтар да бірауыздан Президент сайлауы-



«Нұр Отан» партиясының конференциясын аудандық партия төрағасы Х.Омаров ашып, жүргізіп отырды. Конференцияға бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, мәслихат депутаттары, аудан мекеме, кәсіпорын басшылары, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері қатысты.

Конференция-да алғашқы болып сөз алған «Нұр Отан» партиясы қоғамдық кеңесінің төрағасы Ш.Үмбетов: – алда өткізілгелі отырған сайлаудың мән-мағынасына тоқтала келе, бұл саяси науданның ерте өткізілуі ел-халық үшін өте дұрыс, маңызды екендігіне ерекше тоқталды. Конференцияда сөз алған аудандық Мәдениет үйінің дирек-

НЫҢ ӨТҮІН ҚҰПТАДЫ.

Партия төрағасы Х.Омаров ҚР-сы

Президенті кан-
дидатурасына
үміткер есебінде
Н.Ә.Назарбаевтың
кандидатурасын
ұсынды. Ұсыныс
конференция де-
легаттарынан қызу
қолдау тапты.

Облыстың конференция делегаттары болып Х.Омаров – аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы филиалының төрағасы. Т.Сейжанов – мәслихат хатшысы, Ж.Бабабаев – «Нұр Отан»

партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары, С.Сұлтанов – «Сұлтан-Сағат» шаруа қожалығы иегері сайланды.

Θ3 τίλшіміз.

Ел Президентінің кезектен тыс сайлауын осы жылдың 26 сәуірінде өткізу туралы Елбасы Жарлығы жарияланғаны мәлім. Құрылғанына Қой жылы 20 жыл толып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі бастамасы, қазақстандықтардың қызу қолдауын тапты. Қазір ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуге дайындық жұмыстары басталып та кетті. Алла қаласа Тәуелсіз Қазақстанның халқы дұрыс таңдауын жасайтынына сенім мол.

Қазіргідей жаһандық дағдарыс кезінде, әлем экономикасының құлдырауы, жұмыр жердің әр еліндегі соғыс зардабының артқан шағында Президент сайлауын өткізу бірден-бір дұрыс

Өз басым ел Президентін сайлауда қазақстандықтар түгелдей қазіргі Мемлекет басшысы, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдап, дауыс беретініне сенімдімін. Халықтың

КОЛДАУЫН ТЫ

Жамсап ӘШЕНОВ,
Сарысу ауылы Ақсақалдар кеңесінің
төрағасы.

шешім. Бұл дағдарыстың салқыны біздің елге де кесірін тигізери анық. Сонда әлем жұртшылығы алдында беделі биік, саяси ұстанымы мен бағыты салмақты біздің Елбасымыз ғана елді қиын жағдайдан алып шыға алады. Мынадай алағай да бұлағай заманда осы күнге дейін сенім үдесінен шыға білген Елбасы Н.Назарбаева сенуіміз керек.



БІРЛІГІМІЗ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!

Қой жылы қазақстандықтар үшін қуанышқа толы болмақ. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының және Ұлы Жеңістің 20 жылдық, Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойларын атап өтеміз. Ел экономикасының одан әрі дамуына, әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалдың жақсара түсуіне бұл мерекелердің серпін берері сөзсіз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақстандық қоғамда жоғары маңызға ие! Сонау 1995 жылы құрылып, халықтың татулығы мен ынтымағын, елдің бірлігін сақтау бағытында атқарып жүрген жұмыстары да айтарлықтай. Міне, негізін Елбасымыз қалаған, ұлтаралық татулық пен келісімнің өзегі болған Ассамблеяның құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы соның құрметіне тұтас бір жылды Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялап, 6 ақпан күні еліміздің барлық өңірлерінде Ассамблея жылының ресми ашылу салтанаттары өткізілді. Теледидардан көріп отырып, көңіліміз қатты толқы-

ды. Біз бейбітшілік туын қолында берік ұстаған, бірлігі мықты, тұрмысы жақсы Қазақстанда тұрып жатқанымызды мақтан етеміз. Ел Президенті Н.Назарбаевқа, қазақ халқына айтар алғысымыз шексіз!

Қазақ халқында «Бірлік, бірлік түбі – тірлік» деген қанатты сөз бар емес пе?! Ендеше бірлігіміз мәңгілік болсын! Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы құтты болсын, ағайын!

Вячеслав ЛИЦОЕВ,
«Орман және жануарлар әлемін
қорғау бойынша Ұлытау шаруашылығы» ММ-нің қызметкері.

Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына – 26 жыл

«АУҒАНДЫҚ» ЖАУЫНГЕР АРДАҚТАЛДЫ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аясында және Кеңес әскерлерін Ауған жерінен шығаруына 26 жыл толуына орай, Сарысу селолық Мәдениет үйінде «Боздақтар мәңгі жадымызда» тақырыбында интернационалист-жауынгер, Ауған соғысының ардагері Бәдір Алшынбайұлымен кездесу кеші өтті. Кездесу кешінің барысында Мәдениет үйінің қызметкерлері Н.Бектасова, Е.Рақымжановтар сол Ауғанстан мен КСРО арасындағы халық мүддесіне сай келмейтін әскери-саяси байланыстардың салдарынан туған қанды қырғындарда қазақстандық бейкүнә боздақтардың көрген азап-ақыреттері, өмірінің қылуы, із-түссіз кетуі жайында баяндай отырып, кеш қонағы Б.Алшынбайұлына сөз кезегін берді. Ол Ауғанстандағы жылыста соңғы екі жылында, яғни 1987-89 жылдары аралығында болғандығы жөнінде баяннан өткен оқиғалардан әсерлі өңгімелер айтып берді.

Келесі сөз кезегін әкімшіліктің жас маманы С.Бақытұлы алып, келешекте соғыс атаулы елімізде болмасын, бейбіт, тыныш елде өмір сүрейік, Қазақстанымыздың ертеңі жарқын болсын деп өз тілегін білдірді. Н.Айыпханова және Ә.Бюриналар кеш қонағына арнап әннен шашу шашты. Кеш соңында Мәдениет үйінің меңгерушісі Б.Сиязбаев, Б.Алшынбайұлына алдағы өмірінде тек қана қуанышты сәттерге толы болуын тілей отырып, Мәдениет үйінің атынан сыйлық табыстады.

Б.Алшынбайұлы өзінің жауынгерлік борышын Ауғанстанда адал атқарғаны басқаларға, яғни, біздер үшін үлгі болады.

С.ҚАЛҚАМБАЕВА,
Сарысу ауылы Мәдениет үйінің
әдіскері.

САҰЛАУ ӨТКІЗУ – ЕЛДІ ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗУ

Менің ойымша Президент сайлауын өткізу – елді табысқа жеткізу, қиындықтан халықты қиналтпай өткізу. Біздің халқымыз қиаспастан қиындықты бастан кешірген, өлгенде күнәкарлар баратын тозақты тірідей көріп, отына жанбай, көпірілген дариясына құламай сираттың қыл көпірінен аман өтіп, шыңдалып, шынығып, бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бақытты заманға жетті. Мұның өзі Қазақстанның Тұңғыш Президенті, кеменгер Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің, әлем мойындаған салмақты саясатының, баламасы жоқ көреген басшылығының арқасы. Елбасымыз кешегі егемендіктің алғашқы жылдарындағы заманның ат құлағы көрінбейтін ақтүтек боранда адастырмай жол тауып, әлемді дірдектеткен сақылдаған сары аязына тоңдырмай, алапат аптабына күйдірмей, нәсер жауынға су малшытпай, қантегіс пен қақтығысқа соқтырмай аман алып шығып, бүгінгі бақытты заманға жеткізді. Дүниежүзіне Қазақстанды, Қазақ елін танытты.

Есімхан ескі жол салса, Қасымхан қасқа жол салды. Бірақ, сол қаһарлы хандарымыздың бірде-бірі елдің тәуелсіздігін армандаумен өтті. Солардың ата-бабамыздың

арманын орындау, тәуелсіздік алу бақыты Н.Ә.Назарбаевқа бұйырды. Сөйтіп, елдің еңсесін көтеріп, болашаққа бастайтын, «Мәңгілік ел» болудың «Нұрлы жолын» салды. Қисапсыз қиындыққа қарамастан Ақбасты Алатаудың бауырынан Астанаан Сарыарқа төсіне, ерке Есілдің жағасына көшіріп, аз жылда әлем таңдана қарайтын ғажайып жер бетіндегі жұмақтай, әсем қала тұрғызды. Ел-басымыздың еліне сіңірген еңбегін айтып жеткізе алмаймыз.

Мен қарапайым журналиспін. Еңбек ардагерімін. Қазақстан халық Ассамблеясының кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді қолдаймын. Және бұл өте қажет. Мұны республиканың бүкіл халқы қолдайтынына сенімдімін. Сондай-ақ, ҚР Президенттігіне Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын ұсынуға келіс беруін сұраймын. «Мәңгілік ел» болудың өзі салған «Нұрлы жолымен» елін бастай берсе екен деп тілейміз.

М.МАШАЙЫҚҰЛЫ,
еңбек ардагері.
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.

Күләш Бәйсейітованың туғанына – 100 жыл

ҚАЗАҚТЫҢ ГӘККУІНЕ АРНАЛҒАН КЕШ

8 наурыз мерекесі қарсаңында Жезді №6 орта мектебінде ата аңызға айналған әнші Күләш Бәйсейітованың туғанына 100 жыл толуына арналған әдеби-сазды кеш өтті. Осы кешті ұйымдастырған ауданымызға қарасты Жездідегі музыка мектебінің ұстазы Динара Базарбектің Күләштің өнегелі өмірі мен өнерін үлгі ететін думанды ұйымдастыруда көп ізденгендігін байқадық. Оқушыларды өнерге, ұлтжандылыққа баулу жолындағы сазды кешке мектептің кітапханашысы Жанат Әубәкірова да көмек көрсетіп, атақты әнші жайлы шағын көрме ұйымдастырыпты. Осы кешті тамашалауға келгендер көрмедегі айғақты құжаттардан Күләштің тек әнші ғана емес, театр әртісі, опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері екендігін танып-білді. Еуропаның музыкалық жаңа жанры операның көшпелі қазақ даласына атақты әнші ұлттық орындаушылық дарындылығы арқасында келгендігін паш ететін көрмеде баспасөз беттерінен жинастырылып, топтастырылған К.Бәйсейітованың суретті альбомдарын балалар түгілі ұстаздар да таңдана танысып жатты.

Саз мектебінде вокальдан дәріс алып жүрген Айсұлу Төлеубай ертеректе атасы Төлеу мен әжесі Әдинаның сахнада ән айтқан Күләшті өз көздерімен көргендігін сыр ғып айтып жатты. Осы сазды кеш басталар алдында Күләштің өз табиғи дауысымен айтылған әндері аудиожазбадан беріліп, ән падишасының дауысы өнерсүйер өскелең ұрпақтың жүрегінен орын тауып жатты. Бұл іс-шараны ұйымдастырып жүргізуде Саз мектебінің домбыра пәнінің оқытушысы, Динараның әріптесі Мақпал Сұлтанғали да көп жәрдемін тигізді. Д.Базарбек К.Бәйсейітованың өмірі мен өнер жолы жайлы насихаттап тұрғанда экраннан слайдтарды сәйкестендіре көрсетіп, қазақтың классикалық тұңғыш туындысы «Қыз Жібек» операсынан әншінің орындауындағы ариядан үзінділер беріп тұрды. Әсіресе, осы операдан Жібектің гәккулеткен жоқтауын тыңдағанда көпшіліктің көзіне еріксіз жас үйірлі. Аты аңызға ай-

әншілік қабілеті Күләштің сахна өнері үшін жаралған жан екендігін әйгілей түсіпті. Танымал орындаушылар – Құрманбек Жандарбеков, Қаныбек Байсейітов, Ғарифолла Құрманғалиев, Манарбек Ержановтар ішінде Күләш Бәйсейітованың орны ерекше болған. Әнші гастрольдерге жиі шығып, осындай концерттік сапарлары арқасында дүниежүзі қазақтың бай мұрасымен танысып, ұлтымыздың мәртебесі асқақтай түскен. Әнші өз концерттерінде қазақ әндерімен шектеліп қалмай, орыстың, поляктың, чектың әндерін айтқан. 24 жасында КСРО халық әртісі және Сталиндік сыйлықтың иегері атанған К.Бәйсейітованың талантына тәнті болған халқы Күләштай қызын төбесіне көтерді. Жезтаңдай әнші сомдаған қазақ аруларының қайталанбас бейнелері халықтың есінде мәңгілік қала бермек, – деді іс-шара жүргізуші Динара Базарбек. Кеште әншілік өнерімен аймағымызға танымал болған



налған көрнекті әнші К.Бәйсейітова небәрі 45 жастағы жұлдыздай жарқыраған қысқа ғұмырында халықтың сүйіспеншілігіне бөленген-тін. Е.Брусиловскийдің тұңғыш қазақ операсы «Қыз Жібек» Күләшқа арнайы жазылған екен. Классикалық туындыдағы Күләш орындаған Жібектің ариясы қазақ қызын шығармашылықтың шыңына көтерген. Аты аңызға айналған халықтың сүйіктісі К.Бәйсейітованың жіңішке колоратуралық сопрано екендігін анықтаған Д.Дианти, З.Писаренко сынды кәсіби вокалистер болғандығын кешке қатысқан қауым Динараның айтуынан білді. Сахна саңылағы 1933 жылы қойылған «Айман-Шолпан» комедиясында басты рөлде ойнап, жаңа қырынан танылып, халық «қазақтың бұлбұлы» деп өз атағын берсе, 1934 жылы ресми түрде Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген әртісі деген құрметке бөленген. Өнердің қыр-сырына ден қойған Күләш М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» Еңлік рөлінде ойнап, сахналық тамаша қабілетімен танылады. Ол аз уақыт ішінде Б.Майлиннің, Н.В.Гогольдің, М.Триггердің пьесаларындағы образдардың табиғатын тап басып, шеберлікпен сомдап, көрермендеріне шынайы жеткізе білген. Әсіресе, туа біткен

Мұхтар ДӘУІТОВ.
Жезді кентіндегі №6 орта мектебі.

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні

Жер-Анаға тіршілік нәрін себер көктеммен бірге барлығымыз үшін қымбат мейрам — 8 наурыз – Халықаралық Әйелдер мерекесіне арналған Жезді кенті кітапханасында «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» атты мерекелік кездесу кеші өтті.

Мерекелік іс-шараға Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, тыл ардагер аналармен кентімізде еңбек етіп, өз үлестерін қосқан, дүниеге көп бала әкелген алтын құрсақты аналарымызға құрмет көрсету мақсатында «Алтын алқа», «Күміс алқа» медальдарымен марапатталған, ардагер аналар Бати-ма Шоханова, Орынбасар Мырзабае-

ген осы сыныптың оқушысы Әбубәкір Шәкей «Анашым» атты өлеңін жатқа оқыды. 6 сынып оқушылары Айжанар Қыдырбек, Мөлдір Қаумет, Сағыныш Баркен, Айтолқын Серік «Шаттық» биін мың бұрала биледі. Кеш соңында «Ана кім?» деген сұраққа оқушы балалар ана бойындағы қасиеттерді тіз-ма Шоханова, Орынбасар Мырзабае-

БЕЙБІТ КҮНДІ СЫЙЛАҒАН БАТЫР АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ



ва және Тұрсынқұл Жандәулетовалар арнайы шақырылды.

Кездесу кешінде бала тәрбиесі мен қызметті, үй шаруасы мен жұмысты қатар атқарып, қызын қияға, ұлын ұяға қондырған, немере, шөбере сүйіп отырған асыл әжелер өздерінің отбасы, еңбек еткен жылдары жайлы қиын-қыстау кезіндегі балалық шақтарын еске түсіріп әңгімеледі. Кешті ұйымдастырып жүргізген кітапхана қызметкерінің арнайы дайындаған сауалнамасымен көрермендердің, оқырман оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді. Ардагер аналардың сұхбатынан кейін кітапхананың үздік оқырмандары, кітапханада өткен іс-шаралардың барлығына белсене қатысып жүрген аралас мектеп-интернатының ұстаздары, 6 сынып жетекшісі Эльмира Бралина және 5 сынып жетекшісі Меруерт Әділханқызы ардагер аналарға алғыс-тілектерін айтып, мейраммен құттықтады. Және осы мерекелік кездесу кешіне өздері жетекшілік ететін сынып оқушыларының арнайы дайындаған мерекелік әсем әндері мен билерін қонақтарға тарту етті. Атап өтсек, Аналарға, ару қыздарға арнап жаттаған өлеңдерін мәнерлеп оқыған 5 сынып оқушылары Қайырхан Тұрсынбек, Әділхан Төлеутай, Аманай Болат және Анаға деген махаббатын, балалық сезімін өз жанынан шығарған өлеңімен білдір-

сушылардың барлығы қосылып Марат Омаровтың «Анашым» әнінің бір шумағы мен қайырмасын айтып шырқады.

Ізгі тілектер айтылып, ән мен жырға бөленген тамаша кеште аға кітапханашы «Ана деген – ұлылықтың бастауы» атты ашық кітап көрмесіндегі ана тақырыбындағы еңбектермен таныстырып өтті. Ардагер аналарға, ұстаздарға, іс-шараға белсене қатысқан мектеп оқушыларына кітапхана ұжымының арнайы дайындаған сыйлықтары табыс етілді.

Аналарымыздың адал пейілі мен әз махаббатынан бастау алған ізгі істердің барлығы, кешегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі Бауыржандай батыр бабаларымызды дүниеге әкелген аналарымыздың мойымай қиындыққа қарсы шығып, жасаған ерен еңбектерінің жемісі — бүгінгі Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, еліміздің амандығы мен тыныштығы емес пе?

Ерлік еткен ерлерімізге әрқашан де-меу беріп, күш-жігерін аянбаған «Намысты бермеу үшін жатқа қолдан, Арулар аз болды ма атқа қонған» дегендей батыр аналарымызға айтар алғысымыз шексіз, ақжаулықты аналарымыздың алдында бас иіп, құрмет көрсетейік!

Кәмшат АМАНКЕЛДІҚЫЗЫ,
Жезді кенті кітапханасының
қызметкері.

2015 жыл — Қазақ хандығының 550 жылдығы

(Соңы. Басы газетіміздің өткен сандарында).

Әсіресе, көшпенділерден көп жапа шеккен Ресей мен Қытай іргелерінде Қазақ хандығы сияқты ірі де іргелі мемлекеттің күшейгенін қаламады. Қайткенде де бұл мемлекеттің іргесін сөзді ойлады. «Іздегенге сұраған» дегендей бұл кезде, XVI-XVII ғасырлар тоғысында Моңғолияның батыс аймағында Жоңғар хандығының іргесі қаланды. Ғасырлар бойы тау суындай тасқындап, Шығыста Қытайды, Батыста Ресейді және бүкіл Еуропаны ықтырып келген көшпелілер мекенінде пайда болған Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы көршілерін бейтарап қалдырмады.

Олар осынау екі мемлекетті бір-біріне айдап салып, ғасырлар бойы бүйірлеріне қадалған «шаншудан» құтылуды ойластырды. Осы орайда, әсіресе, Ресей белсенділік танытып, жоңғарлармен шұғыл елшілік байланыс орнатып, оларды астыртын отты қарулармен жасақтап, Қазақ хандығына қарсы арандату шараларын жасады.

Ресей патшалығының Жоңғар елінің Торғауыт, Дүрбіт, Қошауыт сияқты үлкен тайпаларына Еділ бойынан қоныс бөлуі қазақ пен қалмақ арасындағы жүз жылдық соғыстың тұтануына себеп болды. Осынау жүз жылдық соғыс салдарынан салт атты көшпелілердің үш мың жылдық өркениеті толық күйреп, қазақтардың Ресей патшалығына бодан болғаны, ал жоңғарлардың ата жұртынан мүлде жойылып кеткені тарихтан аян. Міне, осы қатерлі қасіреттің алғашқы дауылымен Есім хан беттесті. 1620 жылы жоңғар қонтайшысы Қара Құла Қазақ хандығының иелігіне тұтқиылдан шабуыл бастады. Бейбіт елді қатты қырғынға ұшыратып, асқан қатыгездік танытты. Еліне жау тигенін естіп, Есім хан шұғыл жорыққа аттанады. Қазақ әскері жоңғарларды тас-талқан етіп, Сібірдегі орыс қалаларының іргесіне дейін айдап салды. Сол замандағы орыс жазба деректерінде: «Қазақ Ордасының Есім ханы

мемлекет саясатын, әскер билігін ұтымды басқарғанына тәнті боламыз. Хан Жәңгірдің ғажайып ерліктері қалың қазақ жұрты бйлай тұрсын көрші елдерге кеңінен мәлім болды. Халық оны Салқам Жәңгір деп құрметтеді.

Жәңгір хан билік қурып тұрған кезеңде Қазақ мемлекеті мен Жоңғар хандығы арасында үш ірі соғыс болғаны тарихтан мәлім. Оның біріншісі 1635 жылы, екіншісі 1643-1644 жылдары, үшіншісі 1652 жылы болған еді. 1635 жылғы шайқастың толық қалай аяқталғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Бірақ осы шайқаста Жәңгір сұлттан қолға түсіп, көп ұзамай тұтқыннан қашып шығады.

1643 жылдың соңғы айларында, қақаған қыста бүкіл Жоңғар жұртын бір тудың астына топтастырып, Жоңғар хандығының еңсесін көтерген Батұр қонтайшы Қазақ хандығының иелігіне басып кіреді. Орыс деректері бойынша, Жоңғар басқыншылары ең алдымен,

данқты оқиғалардың бірі. Майданның алғашқы күнінен-ақ басқыншыларға қарсы ауыр күрес жүргізген Тіес би бастаған қырғыз халқының ерлігінде де шек жоқ. Осы соғыста одақтастық шартын берік сақтап, өзбек әскерін бастап көмекке келген алышын Жалантөс баһадүрдің еңбегі де ерен. Тарихи деректер нақты айғақтағандай, жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күресте туысқан үш халықтың мерейі үстем шығып, қазақ-қырғыз-өзбек әскери одағы тамаша жеңіске жетті. Ұрпақтыры ұлағат алар бабалар ерлігі осылай түйінделеді.

Қисапсыз қырғынға ұшырап, масқара
жеңіліс тапқан Батұр қонтайшы Жоңғарияға
оралысымен жаңа соғысқа әзірлене бастады.
Жоңғардың шепірткедей қаптаған әскеріне он-
даған есе аз жасағымен қарсы тұрып, онды
май сағын сындырған Салқам Жәңгір ханнан
қайткен күнде де кек қайтаруды көкседі. Қазақ
хандығы мен Жоңғар хандығының арасындағы
келесі жойқын соғыс 1652 жылы болады. Ұза
мен намыс бұлып, кек қайтару соғысына мұқият
дайындалған Батұр қонтайшы 1652 жылы
қазақ еліне тағы басқыншылық соғыс ашады.
Бұл соғыс туралы тарихи деректер мардым-
сыз. Кейінгі тарихшылардың «бұл соғыста
қазақ жасақтың жеңілді» деген біржақты
пікірлері де ақиқаттан алыс жатқан сияқты.
Өйткені, алдағы жылдардағы тұтқиылдан шап-
қан соғыстардағыдай қазақ әскері қапысыз
емес еді. Батұр қонтайшының кек қайтару
жорығына дайындығынан да Жәңгір хабар-
дар болатын. Ендеше, сыралғы жаудың бұл
шапқыншылығынан қазақ әскерлерінің жеңіліс
табуы ешбір мүмкін емес. Тарихшылардың
қазақ жасағы жеңілді деген тұжырымының
туындауына майдан даласында Жәңгір хан-
ның қапыла қаза табуы негіз болған сияқты.

Сол заманның соғыс стратегиясында дос та, дұшпан да мойындаған қолбасшылық білік-

үшін сіңірген тарихи еңбегі негізінен екі қырынан айқындалады. Біріншісі, елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты шебер ұйымдастырып, сырттан кез алартқан көз жауға дес бермей, мемлекетті сақтауы, екіншіден, елдің ішкі жағдайын реттеуде саяси-құқықтық реформалар жүргізуі болып табылады. Әсіресе, терістіктегі қатерлі де қуатты көрші Ресей патшалығымен елшілік алмасып, сауда істерін жүргізуге ден қойды. Әз Тәуке Бұхара хандығымен бейбітшілік қарым-қатынаста болуға, Орта Азиядағы барлық қалалармен сауда-саттық жасауға тырысты. Қазақ хандығының шын қатерлі жауына айналып, дүркін-дүркін шабуылдап жүрген Жоңғар хандығымен де тату көршілік орнатуды ойлады. Қазақ ханының елшісі ретінде барған Қаздауысты Қазыбек бидің жоңғар қонтайшысына айтқан атақты толғауынан да мемлекет мақсаты айқын аңғарылады:

«Қазақ-қалмақ баласы,
Табысқалы келгенмін.
Табысуға көнбесең,
Тұрысатын жеріңді айт,
Сен қабан да мен арыстан
Алысқалы келгенмін».

Мемлекеттің ішкі құрылымын реформалау барысында Өз Төуке алты алаштың тізгінін алты биге ұстатты. Яғни, Ұлы жүзде үйсін Төле би, Орта жүзде Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзде алшын Өйтеке би, Қырғызда Қараш би, Қарақалпақта Сасық би, Құрамада Мұхамед би тізгін ұстасты. Өз Төукенің қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы ең үлкен еңбегі – «Жеті жарғы» аталатын заң жүйесін жасауы. Шын мәнінде Төуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқының этникалық болмысын, әлеуметтік-шаруашылық және мәдени ерекшеліктерін ескерте отырып, халықтың географиялық қоныстануы негізін-

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

қалмақтарды қатты қырғынға ұшыратты. Қалмақ тайшылары өте киізін халге түсті», деп атап көрсетілген. 1627 жылғы ұлы жорықта Есім хан жоңғарларға тағы ойсырға соққы беріп, алғашқы Ойрат одағын ыдыратып жіберді. Еңсегей бойлы ер Есім ханның бұл ұлы жөністері Қазақ хандығына енді ешкімнің тісіне батпайтындай сыртқы жағдайды қалыптастырып еді. Өкінішке орай, дәл осы кезеңде өзін хан деп жариялаған Тұрсын сұлтанның дербес басатынын салдарынан Қазақ хандығында үлкен күйзеліске ұрындырған азамат соғысы басталды. Ташкент қаласы қазақтарға қарағанын соң, көп ұзамай оны Жәнібек ханның немересі Жалым сұлтан ұлы Тұрсын сұлтан билеген еді. Бертін келе ол тәуелсіз хан болуды көкөйді.

Сол заманның тарихшысы Махмұд бен Уәлидің жазуынша, Есім хан 1627 жылы жұңғарларға қарсы жорыққа аттанғанда, Тұрсын сұлтан бар әскерімен Түркістан қаласын шабады. Бейбіт жұртты қырып-жоып, ат тұяғы жеткен жердің бәрін ойрандайды. Есім ханның әйелдері мен бала-шағасын тұтқындайды. Енді Есім ханның өзін құртпақ болып, ауыр соғыстан орапып келе жатқан қазақ әскеріне тұтқымдан шабуыл жасайды. Бірақ Есім ханға хабар бұрын жетеді. Екі әскер Сайрам қамалының түбінде беттеседі. Есім хан ат бұзған Тұрсын сұлтанның жақтастарын қирата жеңіп, Ташкент бекінісіне дейін тықсырады. Бар әскерімен айырылған Тұрсын сұлтанды көкерлері тұтқындап, жауының қолына тапсырады. Есім хан опасыз Тұрсынның басын алып, оның қолтығына су бүркіп, қандастарына қарсы соғысқа айдап салған Бұхар ханы Имамқұлға сөлемдемеге жібереді. Тұрсын «ханның» опасыз елімі туралы Марқасқа жырау былай дейді:

«Ей, Қатаған хан Тұрсын!

Кім арамды ант ұрсын.

Жазықсыз елді жылатып.

Жер тәңірісіп жатырсын

Жер төңірісің жатырсың.
Хан өмөссін қасқырсын.

ХАН ЕМЕССИҢ ҚАСҚЫРСЫҢ,
Қара албаты : басқару және

Қара албасты басқырсын

Алтын тақта жатсаң да

Қазаң жетті қапылсың!

Еңсегей бойлы ер Есім,

Есігіне келіп тұр.

Шаһкапы түр қанынды

Көшікпей содан катарсын

Тарихшы Махмұд ибн Уәли «Бахыр әл-асырар» атты еңбегінде Есім хан 1628 жылы қайтыс болды деген дерек келтірсе, «Қазақ совет энциклопедиясының» мәліметіне қарағанда Есім хан 1645 жылы қайтыс болған көрінеді. Ал кейбір тарихшылар 1628 жылдан бастап 1643 жылға дейін Есім ханның ұлы Жәнібек хандық құрды деген пікірді алға тартады. Қайткен күнде де Қазақ хандығының шежіресіндегі осы бір жылдардағы тарихи көмескі. Нақты деректер де, зерттеулер де жоқтың қасы.

Сөйтіп Есім хан дүние салған соң **Қазақ хандығының тағына оның ұлы Жәңгір хан (1643-1652)** елі болады. Елі үшін еңіреп тұрған Жәңгір таққа отырмастан бұрыннан халық арасында зор құрметке бөленіп, елінің, жерінің азаттығы жолында жаңжирқықпен күрескен тарихи тұлға еді. Жәңгір сұлтанның қайраткерлік істерінен оның хан болып жарияланғанға дейінгі жылдардың өзінде



Алатаудагы кыргыздарды шауып, бейбт журтты кырып-жойып, Тоқмақа дейін жетеді. Ол заманда кыргыз халқы Қазақ хандығының құрамындағы бір ұлыс болатын. Ел шетіне жау тигені естіп, Жөңгір шұғыл аттанып, шағын нөкерлерімен кыргыз арасына жетеді. Жау бетінің қатты екенін түсінген Жөңгір қалың әскерінің келуін күтпестен, аз ғана жанкешті жасағымен жоңғарлардың 50 мыңдық әскеріне қарсы тұруға шешім қабылдайды. Соғыс тарихында 600 жасақпен басқыншы жаудың мұздай қаруланған 50 мың әскеріне қарсы ерлік күрес ашқан оқиға бұрын-соңды болып көрген емес еді. Әскербасы шеберлігінде шендесі жоқ Салқам Жөңгірдің көзсіз ерлігі сол заманның бүкіл соғыс шежіресіне бетбұрыс жасады.

Соғыс тарихында ұлы ерліктің баламасыз бұл оқиғасы туралы тарихи жазба деректер- де былай делінген: «Жөңгір өз жасағының бір бөлігіне жоңғарлар биік таудан асып өткенше, екі тау арасындағы тар шатқалдан ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Ал өзі қалған жасақтың шағын тобымен таудың екінші жағына жасырынады. Батуr қонтайшы ор қазып, бекініп алған қазақтарға бар күшімен шабуыл жасады. Онтайлы сәтті күтіп тұрған Жөңгір жаудың ту сыртынан қырғидай тиді. Сөйтіп, жоңғарларды қатты жеңіліске ұшыратқаны сонша, олар жақтан 10 мыңнан астам адам өлді. Ұрыс бітуге жақындағанда 20 мың әскермен Жалаңтөс батыр Жөңгірге көмекке келіп үлгерді. Батуr қонтайшы қатты жеңіліске ұшырап, шегінуге мәжбүр болды» («Қазақ совет-энциклопедиясы», 6 том, 380-бет.). 1643-1644 жылдардағы үлкен майданда біріккен жоңғар әскерін қүйретіп талқандау және оларды ел шетінен асыра қуып тастау – Қазақ хандығының тарихындағы аса елеулі және

тілікті асқан дарындылықпен жүзеге асырған, шайқас тәсілдеріне тегдессіз өзгерістер енгізген, қазақ әскерін үнемі жеңіске бастаған Жәңгір ханның қам майдандағы қазасы қазақтар тарапынан соғыс қимылдарын күрт тоқтатауға мәжбүр етті. Қазақ әскері кейбір тарихшылар болжағандай, бұл соғыста жеңілген өзек, керісінше жеңісті шабуылдарын өз еркітерімен тоқтатты. Өйткені, қалың әскер қатты құрмет тұтатын ержүрек баһадүрді құрметпен соңғы сапарға шығарып салу – сансыз жорық жолдарында бірге болған әрбір жауынгердің парызы еді. Қаһарман ханның асыл сүйегінің Қазақ мемлекетінің астанасы – қасиетті Түркістанға әкелініп, Өзірет Сұлтанның саясына ақ арулан жерленуі осы ойымыздың айықтық дәлелі болса керек.



«Алтын ғасырлар» соңы Жәңгір ханның ұрыс даласында мерт болған қасиетті қазысынан кейін Қазақ хандығының шекара нығайтқан жеңімпаз жорықтары шектеліп, стратегиялық әскери әлеуеті бәсенсі бастаған сияқты. Екі жүз жылдан астам даңқты тарихы бар ортағасырлық ірі де іргелі мемлекет – Қазақ хандығының шөжіресінде 1652 жылдан 1680 жылдың аралығындағы кезең ең бұлдыр уақыт болып саналады. Бұл жылдары Қазақ хандығының тағында **Бөлекей сұлтан ұлы Батыр хан отырды** деген дерек бар. Осы бір отыз жыл шамасында Қазақ мемлекеті ірі соғыс оқиғаларына араласпай бейбіт кезеңді бастан кешірген сияқты. Әкінішке орай, осы кезеңде біртұтас мемлекетті нығайтып, оның қорғаныс қуатын арттыру мақсатында да шыбық басы сындырылмағанға ұқсайды. Қайта сұлтандар арасындағы бақтастық бәсеке белең алып, іргелі мемлекеттің іргесін шайқалтудағы алғашқы сызаттар түсе бастаған. Сұлтандар арасындағы бақтааластық ашық тақ таласына уласпасқа да жүзге бөлінудің алғашқы шоғын бықсытып, жалпы қазақ халқының бірлігіне орасан нұқсан келтірді. Бір мақсатқа, бір орталыққа жұмылған біртұтас хандықты әлсірете бастады.

Бірақ Қасым, Есім, Жәңгір сияқты өз замандарының озық ойлы қайраткерлері іргесіндейтін ірі мемлекет уақыт сынына төтеп берді. Тек тарих сахнасындағы өзінің орнын ойын алып, бірлігін сақтап, беделін паш етті. Қазақ хандығының іргелі ел екенін танытып, беделін күшейткен **Салқам Жәңгір ханның ұлы – Тәуке хан (1680-1715)** тарихтағы халық берген есімі – Өз Тәуке, яғни дана Тәуке болатын.

Өз Тәуке қазақ тарихында біртұтас мемлекетті күшейтуге бағытталған бірқатар реформалар жүргізген реформатор мемлекет басшысы ретінде қалды. Тәуке мемлекеттік билікті бейбіт күнде қолға алды. Оның мемлекеттік қайраткер ретінде қалыптасуы да отыз жылдық бейбіт кезеңмен тұспа-тұс келеді. Тәукенің қол бастаған жауынгер хан емес, ақылман хан ретінде билік қуруының түп төріні де осында жатса керек. Тәуке ханның өл-

де жасалған мемлекеттік, саяси-құқықтық заң болатын. «Жеті жарғы» арқылы далалық демократия мемлекеттің саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық өмірінде нақты көрініс тапты. Тәуке ханның тарихи еңбегі, бұған дейінгі сан ғасырлық өмір тәжірибесін, көшпелілердің демократиялық үрдістерін жан-жақты қорыта келіп, елдің бөреке-бірілігіне қызмет ететін жаңа мемлекеттік-құқықтық жүйені жасай білуінде. Сондықтан да халқы оны «Өз Тәуке» деп құрмет тұтты. 1715 жылы Өз Тәуке хан дүние салып, Қазақ хандығының билігіне **Хысырау сұлтан ұлы Қайып сұлтан келді**. Қартайып қалған Қайып хан халық арасында бедел ала алмады. Өз Тәуке іргесін ығытқан ірі мемлекетті жүйелі басқарудың жөнін білмеді. Билігі бо-сан Қайып ханды Өзбалқары сияқты көкеяк сұлтанға толық мойындамады. «Жүт жеті ағайынды» дегендей бұл кезеңде қылышынан қан тамған Жоңғар одағы да қазақ даласы-на басқыншылық соғысын күшейткен еді.

Қайып хан үшін басты міндет ел іргесін сөккен жауға қарсы қимыл таныту еді. Қал-қадерінше басқыншыларға қарсы шапқасқа дайындалып, 1717 жылы Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан Қазақ хандығының отыз мың сарбазын бастап, жоңғарға қарсы аттанды. Кешегі Қасым хан кезінде үш жүз мың әскер шығаратын Қазақ хандығы басқыншыларға қарсы елді азат ету жорығына бар болғаны 30 мың жасақ шығара алды. Осында-ақ Қайып ханның қауқарын аңғаруға болады. Осы жорықтан Қайып хан мен өркөіреке Әбілқайыр сұлтан бар әскерінен айырылып қарақан бастарын ғана аман алып қалыпты.

1718 жылы жоңғарлармен болған кезекті бір шайқаста Қайып хан қаза табады. Алты алаштың игі жақсылары жиналып, **Өз Тәуке**ні бөл баласы **Болатты ақ киізге салып, хан көтереді (1718-1730)**. «Жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар – адам айта санғысыз» дегендей Болат ханның аты затына сай болмай шықты. Қабілетсіз әрі болжыр Болат хан үш жүз жылдық даму тарихы бар Қазақ хандығын тоқырауға ұшыратты. Болат ханның кезінде орталық хандық билік мүлде әлсіреп, әр жүздің өз ханы дербес билік құрды. Дәл осы Болат ханның тұсында Жоңғар одағы қазақ мемлекетін жаулап алып, қазақ халқы «ақтабан шубырынды, алқакөл суламаға» ұшырады. 1730 жылдан 1771 жылға дейін билік құрған Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет хан іс жүзінде тек Орта жүздің ғана ханы болды. Себебі, Болат ханның тұсында-ақ Кіші жүзді бөлектеп, хан атанған Әбілқайыр 1731 жылдың 10 қазанында Ресей патшалығына бодандығын мойындаған болатын. Дегенмен, бұдан кейін де Қазақ хандығының тарихында ер етіпкен хан кешкен күйзелген кезеңдер де, ел еңсесін көтеріп, бірлік тұтын асқақтатқан (Абылай мен Кенесары хандар тұсы) кезеңдер де өтті. Қалайы болғанда да Болат ханның билік құрған жылдарымен бірге төрт ғасыр дәуірлеген Қазақ хандығының «алтын ғасыры» аяқталған еді.

Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ.
«Егемен Қазақстан» газетінен.

Жақсының аты өшпейді

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген Абай атаның ұлы шындығына өздеріңіз оқитын осы мақала арқылы көзіміз жетіп, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанар деп ойлаймын.

**Хамит Сәркейұлының кір жуып, кіндік кескен, қажырлы еңбек Қарсақбай, Ұлытау, Жезді, Жетіқоңыр жерлері сол ба-
яғы қалпында десек те, замана дейтін «соққан жел» оның бет-бедерін боямалап, ажарын өзгертіп, Хақанның жарық дүниедегі жүрген, басқан іздерін жапты.**

Ол табиғат өзгеріп, «алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен о дүниеге аттанып, қара жердің қойнына түсті. Абай атамыз айтқандай: «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» адам бар ғұмырын еліміздің өркендеуіне сарп еткен, аянбай еңбек еткен, халқына қолынан келгенше жақсылық жасаған Хамит Сәркейұлын өлілердің емес, тірілердің санына қосуға болады. Қазіргі айрандай ұйып отырған, дәулеті шалқыған еліне Хамит ағаның қажырлы еңбегінің, адамгершілігінің санаға түскен сәулесі жатыр дер едік. Хамит аға туралы айту өте қиын. Ол кісінің адамзаттық болмысын бірер сөзбен жеткіземін деу тым үстірт ой. Дегенмен, біз Хамит ағаның соңынан ерген інілері үндемей қала алмаймыз. 1957 жылы шаңырағын көтерген совхоз алғаш қанат жайғанда, қиындыққа толы жылдары аудан, ауылдағы бірегей, ең қажырлы еңбек еткен тұлға – Хамит аға еді.

... Биік таудың алыстан мен мұнда-лап көрінетіндігі секілді, кейбір ерекше жаратылған адамдардың қадір-қасиеті уақыт озған сайын айқындала, айшықтана беретіні заңды құбылыс. Бірақ, ондай адамдардың бойындағы Алла Тағала сыялаған дарыны мен таланты, жасаған еңбегі көпке танылып, ел игілігіне жарағанға дейін қаншама қиындық, кедергілерден өтетіндігін екінші бірі біле бермейді. Білсе де оған кезінде мән бермейді. Ал, олардан айырылып қалғаннан кейін, орындары үңірейіп, кезінде онша мән бермеген қасиеттерін іздей бастайсың, сағынасың, жақын адамдармен бөліскің келеді. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегеннің осы екенін түсінесің.

Өңгіме арқауы бұл дүниеден озғанына 40 жыл болған, еңбек жолын Қарсақбай, Ұлытау, Жезді, Сарысу, Жетіқоңыр шаруашылықтарында басшылық қызметте болған ақылшы аға, қымбат бауыр, қимас жар, қамқор әке, адал дос бола білген, бойындағы асыл қасиеттерін маңайындағыларға шапағат тигізуге бағыштаған, үлкен жүректі, аяулы ағамыз Хамит Сәркейұлы жайында болмақ.

Өмірде көп нәрсені әкеден, атадан үйренуге болады. Ал, адамдармен жұмыс істеп, оларды басқаруды замандастары, біздер Хамит ағадан үйрендік. Мен Хамит ағаның өзім білетін адами, қайраткерлік қасиеттерін ой елегінен өткізіп, естелік мақала жазуды өзіме парыз санап отырмын.

Жүктің ауырын нар ғана көтере алады. Әу бастан бар тіршілігі малмен байланысты болған халқымыз ауыр жүкті көтеруден тайсалмайтын, еңбек десе құлшынып шыға келетін ұлдарын «нарға» теңеген. Мұндай теңеу екінші біріне айтыла бермейтіні



белгілі. Бұл ең жоғары баға қандай істі болса да, қолға алудан қаймықпайтын, әрі оны аяғына дейін жеткізіп, тындыра алатын жігіттің жігітіне, азаматтың азаматына ғана айтылады. Осы тұрғыда есімі Қарсақбай, Жезді өңіріне кеңінен танымал, колхоз бен совхоздың ауылшаруашылығына еңбегі сіңген майталман, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Хамит Сәркейұлын өзі туып-өскен Жетіқоңыр құмының қара нары десек еш қателеспейміз. Хақан аға кешегі социалистік қоғамдағы еңбектің көрігінде шыңдалған. Сонау кеңестік шаруашылық құрамында 1953 жылдан 1957 жылға дейін «Бірлестік» колхозының төрағасы, 1957-1960 жылдары Қарсақбай аудандық атқару комитетінде жер бөлімінің жауапты қызметкері, 1960-1969 жылдары жаңадан құрылған КПСС XXIII съезі атындағы совхоз директоры, 1969-1972 жылдары Ұлытау ауданы, Алғабас совхозында бас зоотехник, одан 1974 жылға дейін зоотехник-селекционер, бөлімше меңгерушісі болып қызмет еткен болатын.

Өмірде өшпес мәңгі ізім қалсын, Ұрпаққа ұлағатты сезім қалсын. Өмірдегі мақсат, мұрат байлығым, Артымда балаларым – көзім қалсын, – деп армандаған, бүкіл саналы ғұмырын елі үшін, халқы үшін адал қызмет ететін мамандарды тәрбиелеп, еліміздің жарқын

болашағы үшін аянбай еңбек етуге арнаған Хамит Сәркейұлының өмір дерегіне көз жүгіртсек, киелі Жетіқоңыр құмында туып-өскен ағамыздың туған жерінің ең қымбат қасиеттерін өз бойына жинағанын байқаймыз.

Алтын ұяң – Отан қымбат, құт-берекең – атаң қымбат, дегендей бабасы Есенбай ата Исламның 5-парызын өтеп, қажы атаныпты. Қажы атадан Малдыбай, Малдыбайдан Сәркей туады. Хақанның Бәкір, Төлен ағалары Ұлы Отан соғысына кетіп, хабарсыз кеткендердің тізіміне ілікті. Бір әке-шешеден Жақшы апасы екеуі жастай жетім қалады. Дүние есігін 1927 жылы ашқан Ха-

ман, ең қымбаттысы – ар, барлығынан ардақтысы – өмір. Өмір бір-ақ рет беріледі. Ол жарқ етіп өте шығады. Сондықтан да, әр күнді ардақта. Дүниедегі ең қызық – сыйласу, ең тәтті де сыйласу» деген екен. Жоғарыдағы осы қасиеттердің барлығы да, Хақанның бойынан табылатын еді.

Хамит Сәркейұлының қызмет атқарған жылдарында «Құбыламыз – Ресей, Мекке-Мәдинамыз – Мәскеу, Қағбамыз – Кремль, Құранымыз – партия жарғысы, хадистеріміз – партия, көсемдерінің сөздері, Пайғамбарымыз – Генсек КПСС» – болған заман еді ғой. Көзі тірісінде Хамит Сәркейұлының төңірегіндегі әңгіме толастап көрген емес. Бұл ол кісінің бақыты да, соры да болды. Бақыты болатыны – оның адамгершілігі, қылышынан қан тамған Компартиядан ықпағандығында еді. Бір

ХАҚАН

мит ағада да бақытты балалық шақ деген болмады. Ерте есейді. Еменнің иір бұтағындай қасқып өсті. Талаптыға қашанда жол ашық қой. Таудай талабының арқасында Қарқаралы зооветтехникумына түсіп, оны 1949 жылы бітірген. Бұл – ол кездегі айтулы оқу орны болатын. Бұл жылдар Хамит ағаның

жұлдызды жылдары десе де болады. Теректі стансасында поезға мінейін деп тұрған Хақан Сарысудағы колхозды басқаратын бір нағашысы: «Әй, Сәркейдің жалғыз қара чemoданыңды арқалап қайда барасың? – депті. Сонда Хамит аға: «Қарқаралыға бара жатырмын. Оқуымды бітірген соң Құдай қаласа, Сіздің орныңызды аламын», – депті. Хамит аға айтса айтқандай, 1953 жылы Ақмоладағы колхоз басшыларын даярлайтын курсты бітіріп, «Бірлестік» колхозының төрағасы болып тағайындалыпты. Кейін 1960 жылы Сарысу совхозынан бөлініп шыққан КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың директоры болып Хамит Сәркейұлы тағайындалады. Бұл шаруашылықтағы 6 бөлімшеде 60 мың қой, 1,5 мыңдай жылқы, 1 мыңдай ірі қара болған. Оның 4 бөлімшесі Кент, Қарақойын, Қатынқұмы, Апақайға орналасқан. Қойдың 50 мыңдайы Құмдағы 70 қыстаққа бөлінген. Бөлімшелердің жер көлемі кішігірім совхозға бергісіз. Ол кезде аттан басқа көлік жоқ, Құмның ең шетіндегі Апақайдан атпен шыққан бөлімшенің 2-3 басшылары бір жетіде совхоз орталығына келіп, есеп тапсырып, тағы бір жетіде бөлімшесіне оралатын. Бір қой бөлімшесі Сарысу өзені бойындағы қыстақтарға бағылып, жылқы бөлімшесі Баймырзада болды. Ата-бабаларымыз: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, сынаушысы – халық, қорғаушысы – сабыр, таусылмайтыны – ар-

сөзбен айтқанда, Хақан кеудесінде иманы, аузында ұлағатты сөзі бар, парасатты азамат болатын. «Бақыт – алыс, бейнет – жақын. Өмір – алыс, өлім – жақын» деген қағиданы берік ұстай білді. Ал, соры болатыны, ылғи қаңқу сөздің ортасында болатындығы. Ол кісі көлденең көк аттының да, азулы арыстанның да, ештеңеден хабары жоқ аудан басшыларының да тұрақсыз кеудемсоқтың да аузында бірде мақталып, бірде датталып жатушы еді. Соған қарағанда Хақанның «тұзы жеңілдеу» болды ма екен деп те ойлайсың. Олай дейін десең, жасап кеткен істері ірі, ауқымды. Кезінде Жезді ауданы Ауылшаруашылық басқармасының орынбасары, РАПО-ның бастығы, Сарысу совхозының директоры, КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың бас зоотехнигі болып қызмет атқарған Бақыт Исмайылов естелігінде: «Хақан жастайынан шаруашылыққа ерте араласқан, мейлінше іскер кісі болды. Менің байқағаным ерте тұрады. Өзімен бірге жүргендерге ұйқы бермейді, қай ауылға келсе де, кемшілікті елден бұрын көреді. Көріп қана қоймайды. Қойшыға да, малшыға да сол жерде сазайын береді. Қораның қиы өссе тазалауға, маяға мал жабылса оны қоршауға, тұз жоқ болса, тұз алдыруға бөлімше басшыларына тапсырыс береді. Қысқасы сол ауылға төңкеріс жасайды. Кетерінде Хақан да риза, шопан да риза болып тарасады. Ол кісі – ешкімнен тайсалмайтын өжет адам. Біреудің кемшілігін көрсе, сол жерде бетіне айтып салады. Содан өзі де аудан, облыс басшыларынан талай рет таяқ жепті. Хақан совхозды басқарған жылдары 100 биеден 100 құлын, сиырдан 100 бұзау, 100 саулықтан 105-тен қозы алып, жоғары көрсеткішке жетті» деп жазыпты.

Хақанды жақсы білетін туған-туыс, құда-құдандалы, жолдас-жоралары оның шын мәнінде айтулы азамат екендігін біріксідей мойындайды. Кездесе қалғанда бұрын Хақанмен қызметтес болған Өлібек Смайылов, Мұқатай Түсенов, Серәлі Қаржаубаев секілді інілері қамыға естеріне алып, оның бүгінде арамдықта жоқтығына, қайтыс болғанына 40 жыл болғанына сенбестік білдіреді. Замандастары, көз көргендер тіршілігінде Хақанды ұмыта қоймас. Деген-

мен, Құдайға шүкір, артында қалған ұрпағы өсіп-өнгенде, өмірі өнегелі, қалпы таза, қасиетті аталары болғанын біле жүрсін деген ниетпен айтып отырмын. Аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат демекші, Хақанның бойындағы табиғи бауырмалдық қасиетінің бір дәлелі, жасырақ кезінде хабарсыз кеткен Жақшы апасын оңтүстік жақтан іздеп тауып, жиендері Мәлік, Дүйсенкүл, Анар төртеуін елге көшіріп алған еді. Хақанның апаға, жиенге деген осындай қамқорлығы, құдаларымен арадағы бауырмалдыққа ұласып, жүрегінің шексіз кеңдігін онан әрмен дәлелдеп кетті.

Ертеде бір кісі данышпанға: «Бақыт деген не? Байлық деген не? Бала деген не? деп сұрақ қойыпты. Сонда данышпан: «Бақыт деген – қолға ұстаған мұз; Байлық деген – ұзатылған қыз; Бала деген – артында қалған із. Бақыт-

ты қолға ұстаған мұз дейтін себебім, ол өнебойы қолға тұрмайды. Мезгілі болғанда еріп, бір күні жоқ болады. Байлық та ұзатылған қыз. Мезгілі жеткен күні басқа жолға кетеді. Бала деген жақсы болсын, жаман болсын, сен дүниеден өткенде атыңды жоғалтпайды, –деп жауап беріпті. Ата-бабаларымыз айтқандай: –Тұлпар бар ма тұяғы

майырылмаған, Сұңқар бар ма қияға қайырылмаған. Алладан тағдыр, ажал жеткен күні, Кімдерден кімдер жылап айрылмаған.

1974 жылдың қарашасында отасқанына небәрі 23 жыл болғанда Рәш жеңгеміз алтынның сынығындай болған Хамит ағадан жылап айрылды. Бүкіл аудан, ел болып қайғырып, Ұлытаудың ұлағатты ұлының зиратына топырақ салып, ақтық сапарға шығарып салды. Ердің жасы елуге де жетпей дүние салған Хамит Сәркейұлының мейірімді көрінетін асыл бейнесі ел есінде берік сақталады. Өйткені, Хақан тіршілігінде: Дүниемен өлшеме шайлығыңды, Бойыңа жи рухани байлығыңды. Жетім-жесір, нашарға көмектесіп, Көрсет қамқор, мейірім жайлығыңды, –деген бабалар сөзін есінде берік сақтап, өскен болатын. Рәш жеңгеміз де бақытын еңбекпен тапқан қазақтың алтын құрсақ аналарының бірі екенін қалайша айтпай кете аламыз. Ол да жұрт қатарлы колхоз бен совхоздың қолмен атқарылатын жұмыстарының бел ортасында болды. Хақанның тұңғышы Маржан Жезқазған Университетінде оқып, экономист мамандығын алған. Серік – Жезқазған мұнай саласында маман. Динара мен Әсел – ұлағатты ұстаз. Хақан мен Рәш жеңгемізден 21 немере, 17 шөбере бар. Төлеп пен Нұрбол мемерелері мұнай саласында оператор. Руслан Астанада прокуратурада қызметте. «Әке көрген оқ жонар» деген осы да. Бүгінде көзі тірісінде еліне елеулі, халқына қалаулы болған Хамит Сәркейұлының атына совхоз орталығынан көше аты берілген. «Сүйер ұлың болса, сенде сүй, сүйенерге жарар ол», –деп Абай атамыз айтқандай ол кісі сүйінуге де сүйсінуге де жарайтын танымал тұлға екені даусыз.

Тәшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ.
Мибұлақ ауылы.



Табынамыз АНА деген тәңірге!..

Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ

Адамның бар жақсылығы күннің сәулесі мен ананың ақ сүтінен келеді. Бізге өмірді сүйгізетін – осылар! Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

АНА! Осы бір үш-ақ әріптен тұратын сөзде қаншама құдірет жатыр десеңізші! Адамзат баласы ғана емес, тіпті тіршіліктегі жанды атаулының барлығы анадан таралған емес пе?! Саналылық тұрғысынан ең жоғарғы санаттағы тіршілік иесі – Адам болса, өзіне жарық дүние сыйлаған анасын адамдай сыйлап, қастерлейтін ешкім жоқ, сірә. Адам баласы үшін Ана – тіршілік нәрі, өмір өзегі! Жан баласына өз бойындағы бар адами асыл қасиеттерді ақ сүтімен дарытатын, мейірім шуағына бөлейтін, үлкен өмірге қанат қақтыратын Ана – аса ардақты да қастерлі жан бұл жалғанда! Жарық дүниеге «шыр» етіп келген нәресте ең әуелі әлемді танымай тұрып, анасын таниды екен. Ананың мейірімі мен махаббаты – балаға оның ақ сүтімен берілетін әлемдегі ең бір қасиетті, шексіз сезім. Ал әлемде мұндай асыл сезімді сезініп көрмеген адамзат баласы жоқ! «Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз осыдан шыққан болар, бәлкім. Ана тақырыбына арналған шығармалар да баршылық! Өз туындыларына Ананы, Әйелді, Аруды арқау қылмаған ақын-жазушы, сазгер, суретші, мүсінші өсте жоқ шығар. Әйел затының шығармашылық әлемнің негізгі тақырыбы болуы – нәзік жандыларға деген ерекше сезімді, махаббат пен құштарлықты, құрмет пен қошеметті көрсетсе керек. Өйткені әйел – әдемілік пен сұлулықтың символы, жанұяның берекесі, тірліктің тұтқасы!

... Әйелдерді еркектерден көп – дейді, Ойбай, ойбай бола берсін көп, мейлі. Әйел деген әдемі ғой, әдемі, Әдемілік бізге көптік етпейді! – деп Мұқағали ақын жырлаған екен кезінде әйелдер жайлы. Әлемдегі әдемілік атаулының бәрі нәзік жандыларға ғана тән шығар дерсің, тіпті. Жан дүниесі мейірім мен шапағатқа толы, жанары шуақ шашқан, жүзінен нұр төгілген сұлуларға әр сәт сайын жыр жазылса да артық емес-ау осы. Өйткені, әйелдің жаратылысында жарық дүниеге әкелу сияқты құдірет бар. Бұл – әйел затына ғана берілген ең ізгі қасиет, табиғат заңы! Ендеше адамзат баласына жарық дүние сыйлай-

тын, бауыр еті баласын әлпештеп өсіріп-ержеткізетін аяулы Анаға деген құрмет – мәңгілік!!!

Нәзік жандылардың еңбекқорлығы, тиянақтылығы, қажыр-қайраты мен жігеріне тәнті боласыз. Қазіргі қоғамда әйел еңбек етпейтін шаруашылық саласы жоқ шығар. Еліміздегі халықшаруашылығының қай тармағын алсақ та, әйел қолының ізін көретініміз сөзсіз. Дәрігерлер мен мұғалімдердің түгелге жуығы, жеңіл өнеркәсіптің барлығы дерлік – әйелдер. Басшылық қызметте де, шағын және орта бизнесте де әйелдердің үлес салмағы үлкен қазіргі таңда. Нәзік жандылардың білімділігі мен біліктілігі, ұқыптылығы мен тынды-

пара-пар. Ұлтымыздың мұзбалақ ақыны Мұқағали:

Біздер жеңдік:

анамыз ақтай солды,

Мамық төсек қайғыдан

тақтай болды.

Майдансыз бір шайнаған

бір түйір нан,

Кеудемізде қадалған

оқтай болды! –

деп, тылдағы еңбекті, нәзік жандылар шеккен бейнетті шебер түйіндеген екен. Ендеше соғыс жылдары тылдағы ауыр еңбекті еркектерше еңсерген заты әйел жандарды қалай құрметтесек те лайық! Алдыңғы толқын ана, апаларының ерліктерін үлгі тұтқан, соғыстан кейінгі бейбіт еңбектің көрігін қыздырған

қыз-келіншектер, ару қыздар аз болмапты. Білім беру, медицина, мәдениет салаларын айтпағанда, өнеркәсіп пен өндіріс, ауылшаруашылығы салаларында ерлермен иық теңестіре еңбек еткен нәзік жандылар мақтауға да, мақтануға да тұрарлық!

Қазақ әйелдері қашаннан ар-намысын, абыройын аяқасты еткізбеген. Кешегі Желтоқсан көтерілісінде әділет үшін, ұлттық мүдде үшін бас көтерген қазақ жастарының арасында да қаракөз қарындастарымыз болды. Азаттық пен еркіндік жолында Ләззат Асанова мен Сәбира Мұхамеджанова сияқты қаракөз қарындастарымыз құрбан болды. Бұрымдарынан сүйрелген, итке таланып, соққыға жығылған қызғалдақ-қыздарымыздың жандары мен тәндеріне түскен жара ешқашан жазылмас, сірә! Тек қана әділдік іздеп, тоталитарлық жүйеге қарсы тұрған қазақ қыздары, ар-намыс пен абыройды қаншалықты жоғары ұстайтындарын дәлелдеді. Қазақ қыздарының болмыс-бітімін тіпті айдай әлемге паш етті!

Иә, қазақ әйелдері қай заманда болмасын қиындыққа қасқая қарсы тұрған қаһарман жандар. Қанша жерден «жолы – жіңішке» дегенмен, Әйелдің бағасы қашанда жоғары. Өйткені Әйел – адал жар, Әйел – асыл ана, Әйел – өмірдің сені! Олай болса, адамзат баласы Әйел-Анаға табынып, Тәңіріндей тағзым етуге міндетті!!!

Әлемнің мәні – әйелдер қауымын көгілдір көктемнің көрікті мерекесімен құттықтаймыз. Жаһанның бар жақсылығын тілейміз!

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Тіршіліктің тірегі, өмірдің тынбай соғып тұратын алып жүрегі – Аналар. Өмірді өрбітіп, тіршілікті түлетіп, дүниені өркендетіп жатқан алып аналар. Олардың әрқайсысы қандай құрметке болсын лайық. Әйелдердің отбасындағы ғана емес, қоғамдағы рөлі жоғары. Әйел-ана, әйел жар, әйел-қоғам қайраткері, дүниеге бала әкеліп, оны тәрбиелеп, заманына лайық азамат етіп шығаратын теңдесі жоқ жандар. Олар әрі ана, әрі ұлағатты ұстаз.

Өмір аналардан өрбиді, жасарып, көбейтіп отырады. Біздің қазақ халқы небір қиыншылықтарды, азаптарды, сорақы сойқандарды басынан кешіріп, бәрін жеңіп, бүгінгі бақытты күнге жетті. Егер, кешегі «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға», Қызыл империяның қасақана жасаған жаппай алапат ашаршылығына ұшырамасақ, біздің халқымыздың саны кем дегенде бірнеше миллионға жетіп қалар еді. Өкінгенмен өткен іс қайтып келмейді. Өлгендер тірілмейді.

Аллаға шүкір, еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан бері ҚР Тұңғыш Президенті, кемеңгер Елбасымыздың ана мен балаға айрықша қамқорлық жасауының арқасында кешегі аласапыран, алақұйын заман-

Үмбігүлсім Әлібекова, Галина Кушалиева, Күлмайран Жалбырова, Құралай Ерманова, Үмбігүлсім Бейсенбаева, қарсақбайлық Зейра Смайылова, Жамал Ембергенова, Любовь Комова, Ирина Миллер, Мәриямкүл Көпеева, Қадияша Кемелбекова, аманкелділік Бейсенкүл Қаражорғина, Қуан Нұрғалина, Айсара Бейсенбекова, Қадияша Белгібаева, алғабастық Шәкен Маменова, Бәтима Әбдіжапарова, Гүлнар Баткалова, сарысулық Аққу Ахметова, Бағила Әлімбекова, Нұргүл Тоқаева, мибұлақтық Айткүл Алтайбекова, Алина Рахымбекова, Зейтін Жанмайылова, қоскөлдiк Саракүл Назарымбетова, Ұлман Сақыпова, Нұрила Қарабаева, шеңберлік Рәш Түскеева, Зағи Алпысбекова, Шолпан Арыстан-

ӨМІРДІН АЛЫП ЖҮРЕГІ – АНАЛАР

да тарыдай шашылып, ата-мекенінен жан-жаққа кеткен жандарды Отанына алдырып, басын қосудың арқасында аз жылда халықтың саны өсіп отыр. Қазір көпбалалы аналарға қамқорлық, айрықша құрмет көрсетілуде. Көпбалалы аналардың бірде-бірі ескерусіз қалмайды. Баланы көбейтуге, ана мен баланың денсаулығына баса назар аударуының арқасында әр отбасында бала саны көбейіп келеді. Біздің Ұлытау ауданында 482-ден астам «Алтын алқалы» Батыр аналар бар екен. Бір ғана Ұлытау селосында 83 «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар болса, Жезді кентінде 79, Қарсақбайда 49, Қаракөңгірде 43 «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар бар. Басқа да ауылдарда 30-40-тан осындай көпбалалы аналар бүгінде бақытты өмір кешіп, немере-шөбере сүйіп, ұрпағының қызығын көріп отыр. Осы ардақты асыл аналарға қандай құрмет көрсетсек те олар соған лайық. Мысалы, ұлытаулық Алтыншаш Мәкібаева, Еркебала Мұханбетова, Зәбира Нұршабаева, Жайлыбала Таңатқанова, Туғанай Асқарова, Қанипаш Мұқанова, Гүлсім Әлпағанбетова, жезділік



баева, Кәмила Күлөлова, Елеусіз Серікбаева, қаракеңгірлік Айман Жөкенова, Қанша Шынбергенова, Гүлсім Қонысова, Орынтай Қадырова, Зәпен Айтбаева, егінділік Раушан Исабекова, Жұпаркүл Нұрпейісова, Балқия Ниязова, Несібелді Бөкірова, терібалалы аналардың бірде-бірі ескерусіз қалмайды. Баланы көбейтуге, ана мен баланың денсаулығына баса назар аударуының арқасында әр отбасында бала саны көбейіп келеді. Біздің Ұлытау ауданында 482-ден астам «Алтын алқалы» Батыр аналар бар екен. Бір ғана Ұлытау селосында 83 «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар болса, Жезді кентінде 79, Қарсақбайда 49, Қаракөңгірде 43 «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар бар. Басқа да ауылдарда 30-40-тан осындай көпбалалы аналар бүгінде бақытты өмір кешіп, немере-шөбере сүйіп, ұрпағының қызығын көріп отыр. Осы ардақты асыл аналарға қандай құрмет көрсетсек те олар соған лайық. Мысалы, ұлытаулық Алтыншаш Мәкібаева, Еркебала Мұханбетова, Зәбира Нұршабаева, Жайлыбала Таңатқанова, Туғанай Асқарова, Қанипаш Мұқанова, Гүлсім Әлпағанбетова, жезділік

саққандық Рабига Әбдіғожиная, Қатша Шәмзина, Тұрсын Әбдіғалиева, Адиша Мағзұмова, Үриаш Барақбаева, т.б. да селолық округтер мен кенттерде «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» ардақты аналар ұрпақ өсіріп, немере-шөбере сүйіп, қызықтарын көріп отыр. Көпбалалы аналарға елімізде қажетті жағдайлардың бәрі жасалған. Олар Елбасымызға шексіз алғысын айтады. 26 сәуір 2015 жылы өтетін Президент сайлауының сәтті, ұйымшылдықпен өтуін, бұл сайлауға елді талай қиындықтан аман алып шыққан, болашаққа апарар «Нұрлы жол» салған Н.Ә.Назарбаевтың өз кандидатурасын ұсынуын қалайды. Ауданның барлық қыз-келіншектерін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Елге бірлік-береке, әр шаңыраққа шаттық тілейміз.



Жүрегінде жыр тұнған ақын-ару...




Нұрмағанбетова Ләйла
Көлмағанбетқызы 1967 жылы 3 наурызда Жаңаарқа ауданы (бұрынғы К.Маркс атындағы) қазіргі Ералиев ауылында дүниеге келген. 1987 жылы Ұлытау ауданы, Борсеңгір ауылына келін болып түскен Ләйла, қазір №10 Борсеңгір орта мектебінде жұмыс істейді. Бос уақытында әкесінің ақындық өнерін жалғастырып өлең жазады.

АТАМА

Қимастық сезімменен жыр арнадым,
Жан атам сенің бүгін әруағыңа
Орындалып іштегі бар арманың
Батаңды беріп кеттің балаларыңа.
Соңынан ертіп мені алып жүрді,
Мұның бәрін Борсеңгірің, халық білді
Жан атамның мейірім-шапағаты
Елузе келсем де сағындырды
Қызындай көріп мені аялады
Жиған-тергегенін ешқашан аямады.
Немеренің барлығы аты аталып
Өзіңді қорған тұтып, паналады.
Өзіңізбен балаларыңыз шаттанады,
Әр ісінді үлгі-ғып мақтанады.
Әруағың риза боп ардақты атам
Есімің жүрегімде сақталады.
Бізге үлгі әрдайым өнегесіз,
Батаңызбен кеңейді керегеміз.
Өзің қуанып атын қойған
Өсіп келе жатыр бар немереңіз.
Үлкендік бізге де таяп қалды,
Екі немерең бүгінде аяқтанды.
Темірғалиың шалқытып шаңырағыңды
Батаңызбен өзіңнің қанаттанды.

АЙЖАНҒА

Келін түсіп үйіме
Кіргізді үйдің ажарын
Балаларым бақытым
Өмірдегі ғажабым.
Алланың көзі түзу боп,
Салса екен назарын
Өтініп менің сұрарым
Таусылмасын базарың
Ендігі жерде арманым
Немерелер бағамын
Қосағыммен қоса ағарып
Бақытты бол, қарағым.
Ұлымның ұлын жетелеп,
Қызымның қызын жетелеп
Аман болса балаларым,
Қасымда жүрсе жан-жарым.
Сонда орындалғаны
Емес пе менің арманым.



Тоқметова Ақтоты Әбдібекқызы
1990 жылы Қарсақбай кентінде дүниеге келген. 1997 жылы мектеп табалдырығын аттап, 2006 жылы бітірді. Сол жылы Жезқазған гуманитарлық колледжіне түсіп «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандығы бойынша білім алған. Жезқазған аймақтық «Са-рыарқа» газетіне корректорлық, тілшілік қызмет атқарған. Қазіргі уақытта Қарсақбай кентінің жастармен жұмыс жасау бөлімінде инспектор болып еңбек жолын жалғастыруда.

Құсайынова Кәмшат Аманкелдіқызы – 1978 жылы 3 маусымда Қарсақбай кентінің Пионер бөлімшесінде дүниеге келген. 1985 -1993 жылдар аралығында Жезді кенті мектеп – интернатында білім алып, 9 сыныпты бітіріп, 1993-1997 жылдары «Бастауыш мектептің мұғалімі» мамандығы бойынша Жезқазған гуманитарлық колледжінің күндізгі бөлімінде, 1997-2001 жылдары Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша, филология факультетінің күндізгі бөлімінде оқыды. 2001 - 2011 жылдар аралығында Жезқазған қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп лицейінде, Жезді кентінде аралас мектеп – интернатында қазақ тілі және әдебиеті пәнінен сабақ беріп, ұстаздық етті. 2011 -2013 жылдары Жезді Мәдени-сауықтыру орталығында әдіскер болып жұмыс атқарды. Қазіргі таңда, 2013 жылдан бастап Жезді кентіндегі кітапхана қызметкері.

ДОСТАРҒА

Өтсе-дағы арада талай жылдар
Есімде әлі балалығым, бал күнім.
Шашымызға бантик тағып топ қыздар
Теруші едік, біздер бірге тау гүлін.

Болды сәттер есте мәңгі қалатын
Болды талай арамызда қызықтар.
Бұрымыңнан ұстап алып ыза қып
Жылататын мына бізді «бұзықтар».

Кеттік, міне, арман қуып әр жаққа
Табылар-ау жаңа достар сол жақта
Білім алып, бір ұяда бірге өскен
Жетпейді ғой достарыңа бірақ та.

АЙТШЫ МАҒАН

- Айтшы маған, бір көргеннен
Ғашық болу мүмкін бе?
Табармысың жүректі
Түпкі сырды бір күнде?

-

- Бар ма айтшы, махаббат
Бұл өмірде мәңгілік?
Жылдар жылжып өзгермей ме,
Өткен күндер жаңғырып?

- Жылдар жылжып өзгергенмен,
Өткен күндер жаңғырып.
Махаббаттың құшағында
Күйіп -жану – заңдылық.



БАР БАҚЫТТЫҢ ИЕСІ

Шыр етіп дүниеге келгенімде,
Бақыт нұрын менен ана көргенің бе?
Сезіндім жылулықты бойыңдағы,
Аялап, ақ сүтінді бергенінде.

Қойғансың «Ақтоты» деп есімімді,
Күндіз-түні тербеткенсің бесігімді.
Қорғап жүрдің көзіңнің қарасындай,
Қолдадың өркез менің шешімімді.

Ана, сенсің өмірдегі асылым,
Бала кезде көп мойныға асылдым.
Құшаққа алып әлдіңді салғанда,
Сүйсініп төтті ұйқыға бас ұрдым.

Ақ ана, дана ана, аппақ анам,
Бой жетіп, өмірге үлкен бастым қадам.
Айтқан ақыл, үйреткен тәрбиеңмен,
Өрқашан әділеттің жолын табам.

ӘКЕМЕ

Әке деген асқар тау, ардақты адам,
Қамыңды ойлар артық адам бар ма одан?
Түрі қатал, салмақты көрінгенмен,
Жаны нәзік жандар ғой қорған болар.

Қалдырмаған мені ешқашан қатарымнан,
Айтамын шексіз алғыс әке, саған,
Бойжетіп кеткендей боп көрінсем де.
Балалық еркелігім тарқамаған.

Бала күнде еркелетіп жүруші ең,
Қылығыма әбден менің күлуші ең.
Мектебіме шығарып сап мені ылғи,
Келерімде жолым тосып тұрушы ең.
Естелікке толы төтті балғын шақ,
Көңіліңді көрікті етер сан шуақ.
Жүрегіңнен нұр шапағы төгіліп,
Көз алдымда жүре берші жарқырап.

СЕЗІМ

Мағынасыз өтті міне тағы бір күн,
Үзгендей боп көңілдің бар үмітін.
Жанымға жара салған «сезім» деген,
Сырқаттың таппай жүрмін керекті емін.

Жайғасты ол пана қылып жүрек тұсын,
Ұшырып көңілімнің шаттық құсын.
Махаббат деп таныстырды өзін маған,
Мазасын қашырды да түн ұйқымның.

Махаббат сезім емес, сырқат па әлде?
Жан дүниемді бөледі ол мұңды өнге.
Жүрегім санама еш бағынбайды,
Түсінбеймін, осының бәрін мүлде.

Көзім - соқыр, болғандай құлақ – керек,
Күліп тұрып ішімнен жылап жүрем.
Тәкаппарлау едім ғой, не боп кеттім?

Брәлина Эльмира Серікқызы – 1983 жылы 13 наурызда Байқоңыр кеңшарында дүниеге келген. 1989 жылы №4 Байқоңыр орта мектебінің алғаш табалдырығын аттап, 2000 жылы «жақсы» деген бағамен бітірген соң Талдықорған қаласындағы Заң колледжіне түсіп, оқуды 2003 жылы бітіріп, туған ауылына қайта оралып, ол құқықтану пәнінен сабақ берді. Содан 2009 жылдан бастап еңбек жолын Жезді аралас мектеп-интернатында жалғастыруда. Сонан соң 2012 жылы Жезқазған университетіне түскен Эльмира 2014 жылы биология мамандығы бойынша диплом алған. Қазіргі күндері шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп қана қоймай, өлең жазумен де шұғылданып жүр.



ӘКЕМЕ

Біз үшін мал да бақтың, егін де ектің,
Тағдырмен бетпе-бет кеп жеңілмепсің
Қаншама қиындықтар кездессе де,
Бір адым артқа қарай шегінбепсің.
Көнумен барына да, жоғына да,
Өртендің тіршіліктің шоғына да
Әкетай көп қызықтан баз кешіпсің,
Болумен өзің – әке, өзің – ана.

Анам кетті...

Біз қалдық шиеттей боп,
Жүректі мұң қамады түнектей боп,
Адам қылып ақыры шығардың сен
Батпан-батпан иыққа тиеп бейнет.
Ізгілік ұялапты өн бойыңа,
Азаптың төтеп бердің қандайына
Баламның табанына кірген тікен
Қадалсын деп тіледің маңдайыма.

Жүрегіңнің жылуын сезіндім мен,
Шағың көп, шаттық шашып, шерін бүккен
Қолыңа су құюға жарадық па,
Мүддеден шыға алдық па өзің күткен.

Бес баламды Алла аман сақтасын деп,
Тер төгіп, терең ойға батқасың көп.
Өзге адамға мойынды бұрмадыңыз,
Ұл-қызыңның бетінен қақпасын, деп.

Өзіңе арқа сүйеп мәрт өскенмін,
Біздерді алақанда әлпештедің.
Қалпыңмен өреніңе бақ тілеген,
Тұрасың көз алдымда әр кеш менің.
Жүрегің, жаның қандай дархан еді,
Дүниенің сиятындай жарты әлемі.
Жетілсек бәріміз де азамат боп,
Ол, Әке сенің ғана арқаң еді.

Біздерге сыйға тарттың гүл-өмірді,
Ақтаймыз еңбегіңді, тілегіңді.
Өзіңе деген шексіз махаббат, деп
Ұғын-ғын өлеңіммен жүрегімді.

Табылмайды еш сұраққа жауап деген.
Ұя салған жүрекке сезімді арбап,
Жүрмін бе әлде сені де, өзімді алдап.
Осыншалық түйінің қиын болар,
Мен сені түсінбедім, ей, махаббат!

МЕН ҰНАТТЫМ...

Жүрегім өкпелі сізге менің,
Бірақ еш үмітімді үзбеп едім.
Жалғыз қалған сәттерде ойыңа алып,
Сеземін, сен мені іздемедің.

Іздемедің, тіпті де сағынбадың,
Керек сәтте қасымнан табылмадың.
Жүрегімді паналаған мұң жарадан,
Жарығым-ау, мен әлі арылмадым.

Серт бердің, бірақ онда тұра алмадың,
Жайыңды сенің бұл ұға алмадым.
Алаңдап, әлі күнге хабарласып,
Сен менің халімді де сұрамадың.

Жауапсыз қалды талай сұрақтарым,
Бәлкім бұл ойлап тапқан сынақтарың?
Жазуы ма тағдырымның әлде бұл,
Мен ұнаттым, сен бірақ ұнатпадың.

ДОСТЫҚ МЕЙІРЛІ БОЛСА, СЕН ПЕЙІЛДІ БОЛАСЫҢ

(Соңы. Басы газетіміздің
№8 (5979) санында).

АФОРИЗМДЕР

Күншілдің күнкілі, күндестің қарғысы
бітпейді.

Көршімен сыйласаң төрге
шығасың.

Дымқыл жерде шеге шіриді, ашыған
сүт пісірсең іриді.

Бір күндік махаббат машахат, қолың
жетіп үйленсең рахат.

Ит абаласа қойшы алаңдайды.

Алдағаннан алданған жақсы,
Әр ауылда толған көріпкел бақсы.

Елің аман болса ерлігің еленеді,
Бар халық қуанышқа бөленеді.

Ананың сүтін ембеген бала аурушаң,
Тетелес өскен балалар бауырмал.

Намысың тапталса ашу қысады,
Себебін таппасаң дегбірің қашады.

Арығың шөлдесе кетпенің қаңсиды,
Емделмесең қолың қотырыңды
қасиды.

Ғашық болу жігітке жарасады,
Қарияға бұл әдет сын болады.

Сәтсіз махаббаттың машахаты бар,
Асығыс үйленген жігіттің жолы тар.

Кемел пікірін шешен сөзбен жеткізу
өнер.

Мықты болса тоғанның суы
кемерінен аспайды,
Аяз болмай су мұз болып қатпайды.

Өзен басын бұлақтан алады, бала
ақыл ойын дамытады.

Жұрттың аузын күзетсең күн
көрмейсің,
Өнер адамның өмірін биікке
жетелейді.

Толғақ қысқанда жер талғаймайды,
Шын ғашықтар өсек сөзді
қаламайды.

Жағымпаздың тілі майда, іздейтіні
пайда.

Жағымпаздың күні қараң,
Беріп алуға сараң.

Өсемін десең ана тіліңді қолда,
Тілің қышыса тұз жала.

Суықта арақ ішсең тісің түседі,
Баланың ақылы толса ақыл тісі
өседі.

Бабы болса түлектің бағы
жанады, Қорқыныш пен үрейден
білгенінен айрылып қалады.

Судың қадірін сушы біледі,
Су жоқ болса шелегіне не ілігеді.

Құдықтың қадірі суымен
Шөлін қанады алып ішсең қауғамен.

Дәніккен мен құныққан егіз,
Одан құтылудың амалы сегіз.

Шашың ағарса да ақылың
азаймасын.

Бірлігі ажырамаған елде татулық
тұрақтайды,
Бірлігі мықты болмаған, қоғамда
билігі мықты болмайды.

Ауыз бірлігі болмаған жерде
берекесіз өмір басталады.

Адамның аузы өтірік айтса да,
көз жасы өтірік айтпайды.

Шындықты айту оңай, болмағанды
болдыру қиын.

Адам шешімді болмай, көшірімді
болмайды.

Ашудың пайда болуы тілден.

Әйелсіз күн кешу қасірет
Білген адам бас иет.

Әйелді сүйе білмеген адам,
Болашаққа баса алмайды бір қадам.

Ат мінсең тақымыңды қысасың,

Темір тұлпар мінсең газды басасың

Әйелдерге сын айтсам жауың
көбейеді,
Айтпасаң қақың кетеді.

Дос боламын дегенге қазақтың төрі,
Сыйласамын дегенге дархан
пейілі кең

Спортшы жеңімпаз болуын арман-
дайды,
Суға кеткен адам талды қармайды.

Қаз қаңқылдаса, шағала шаңқылдай-
ды,
Аққу көлде жүзіп дамылдайды.

Дін сауатты болмаса елді бұзады,
Дүмше молда имандылыққа
сызат түсіреді.

Өлікке қызмет- тіріге құрмет.

Қылышты қынабынан суырма
бас кетеді,
Қуғыншы түссе соңына ол да бір
жетеді.

Тіршілік мәңгілік емес, өмір сүру
күрес.

Киік киелі, орман шиелі.

Сақал қойғанның бәрі қария емес,
Дінердің іс-әрекетінің бәрі елес.

Қатыны өлген еркек жалтақ,
Күйеуі өлген әйел шатақ.

Әйелдің бабын табу қиын,
Отырған жері сөзі көп жмын.

Адамға сенгеннен Аллаһқа
сенгенің жақсы,
Екі адамның бірі бақсы.

Өсетін мал егіз туады,
Шопанның қойы семіз болады.

Судың қадырын шөлдегенде,
Нанның қадырын ашыққанда білесің.

Ағайынның қадырын басыңа іс
түскенде,
Нәзік жандылардың қадырын жалғыз
қалғанда білесің.

Адамзат ғашықтық үшін жаралған.

Айтқаны мен атқаны дөп тиген,
Қобыздың дауысынан інгенде иіген.

Әдеттен де әдептен де озбаған,
Қазақтың тарихи дәстүрі тозбаған.

Қазақ дауға түссе қолына қамшы,
Жауға шапса қолына шоқпар ұстаған.

Шебер болсаң құрақ құра,
Қуанышты хабарға сүйінші сұра.

Ұрпаққа түсіндіріп тегінді тарат,
Қартайған сайын қатарың сиреп ба-
рады.

Байлаулы ит қабады, аш қасқыр қой-
ға шабады.

Қыздың жолы қылдай, әке асқар та-
удай.

Ата тірегің, ана жүрегің.

Қисық ағаштың көлеңкесі де қисық,
Шабан өгіз айдауға көнбейтін қыр-
сық.

Шын шеберге тұсау,
Қаңсыған күбіге құрсау жоқ.

Су жырған жол тілінеді,
Оғаш болып көзге көрінеді.

Тулақты ұрсаң жұмсарады,
Жиналған жерде қария бата береді.

Тойға жақыныңды шақырмасаң ұя-
ласың,
Өзің шақырғанға бармасаң қинала-
сың.

Кешірімді болсаң бетің ашық,
Ашуға берілсең досың қашық.

Барар жол тар болғанмен пейілің та-
рылмасын,
Бір басың қошеметтен арылмасын.

Өгіздің терісі қалың, жастардың сөзі
жалын.

Батыр арыстанмын,
Жасық қалыспаймын дейді.

Шебер әйел тоқыма тоқиды,
Сауатты адам кітап оқиды.

Иманды ұл мен қыз иманды отау
құрады,
Имансыздар бөтуасыз семьялы бо-
лады.

Жасандылық жағымпаздық шарша-
тады,
Сөзді тауып айтсаң көңілің жасара-
ды.

Өмір өзіңді балшықша илейді,
Орынсыз сөйлесең бетің терлейді.

Жиғаныңнан иманың жоғары,
Су жиналған жер қоғалы.

Иманды құдайдан,
Имансыз шайтаннан қорқады.

Қызға ғашық болсаң жүрегің тулай-
ды,
Өсекке үйір болсаң құлағың шулай-
ды.

Ақылың асыл болмай ісің оңбайды.

Дертке шипа іздегеннің көзінен үміт
ұшқыны байқалады,
Көктем шыға орман- тоғай жайқала-
ды.

Дәстүр үзілген жерде дүрмек баста-
лады,
Әдет ғұрыпты ұлықтаған жерде
бірлік сақталады.

Әр адамның құпиясы ішінде,
Ұяты бардың шындығы ішінде.

Көзің түскеннің бәрі басыңа келеді,
Шабан болса да атын желеді.

Аяғың барда жүріп, көзің барда көріп
қал.

Әдемі өзіл-қалжың ақылдан шығады,
Өткір сын еттен өтіп сүйекке батады.

Көлеңкең ұзарса кеш,
Қысқарса түс болғаны.

Беті күліп іші ұлып тұратындар,
Тойғанына мастанып кигеніне ісін-
гендер бар.

Кезенгеннің қолына кездік берме,
Асауды ұстаймын деп арқа керме.

Аузың күймей бетің қайтпайды,
Жас бала өтірік айтпайды.

Құмның атасы тас,
Адам арқауы ас.

Өтірікшінің сылтауы таусылмайды,
Қар ерімей су тасымайды.

Сәбидің ұйқысы тәтті,
Жолаушының жолы сәтті.

Келіншектің жерігі басылмай желігі
басылмайды.

Кесел айтып келмейді,
Тұсаулы ат желмейді.

Жапырақ жайқалып жанға сая бола-
ды,
Өртенген терек күлге айналады.

Ақылың толса асылып өлмейсің,
Жол ережесін бұзсаң
айыппұл төлейсің.

Ағылшын тілін білген шетел асады,
Білмеген көштен қалады.

Сабырлық жақсы қасиет,
Көз көрсе үлкендер бас иеді.

Көзі соқырдан көкірегі соқыр жаман.

Ұлғайғанда балалы болсаң сарқыт,
Әйелдердің жақсы көретін матасы
барқыт.

Жақсы сөзден жан семіреді,
Жаман сөзден иман безеді.

Тағдыр құлықтыны сүйеді,
Құлықсыз ештеңені сезбейді.

Білімді адам мұратына жетеді,
Сауатсыз ойланбай-ақ
дүниеден өтеді.

Өсекке үйір болма,
шындықты әр уақыт қолда.

**Жақия САДЫҚҰЛЫ,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.**

Оқырман хаты

Көптен бері өзімді толғандырып жүрген мәселелер туралы жазып отырмын. Барша қазақ халқына белгілі, қазақ ұлты қасиет тұтқан, аңыз-жырға қосқан, ұлтымыздың нышанындай қараған жерлердің бірі – Ұлытау. Бұл орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев ел мүддесін көздеген әрбір сөзі, айтулы оқиғаларға орай Ұлы дала төсіндегі Ұлытаудың төрінде берген салиқалы сұхбаттары әрдайым қазақтың жүрегінен жол тауып жатады.

Бағзы заманнан бабаларымыз бірлікке бөтуаланып, ұлтты ұйыстырған Ұлытау төріндегі Елбасының ұлағатты сұхбаты қазақ халқының рухын көтереді, ел мерейін өсірді. Осы сұхбат жарыққа шыққан күннен бастап,

тұлғаларының есімімен аталады. Ұлытаудың қай ауылына барсаң да, ұлттық рух, тарихи тұлғалар есімі «Аттан!-дап» тұруы керек емес пе?

Осы орайда, өзім Егінді ауылының, мемлекет қай-

ЕР ЕСІМІН ЕЛ ЕСІНДЕ МӘНГІ ҚАЛДЫРАЙЫҚ

оқырмандар толғанысын, көптің тебіренісін білдіретін пікірлер мен ой-толғаныстар газет, теледидар беттерінде молынан жария болды. Ұлытау өңірі мемлекет саясатында ыңғайлы орталық болғаны, Ұлытау даңқын шығарып, мәртебесін тарихта паш етті. Ұлытау – қасиетті, киелі жер, иісі қазаққа ортақ жұрт. Ұлытау жері қазақ тарихында абыздар мен аңыз билерді, ел қорғаны болған батырларды, ұлт мақтаныштарын ұлықтаған мекен. Өздеріңізге белгілі, қой жылы еліміз үшін мерекелі де берекелі, тарихи жыл болғалы тұр. Қазақ жерінде бұл жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы атап өтілмекші. Еліміздің Ата Заңына және Қазақстан халық Ассамблеясына 20 жыл толатын жыл болып, тарих сахнасында қала бермек.

Ұлытау төрінде, көреген де кемеңгер Елбасы, қазақтың қай жеріне барсаң да, қасиетті тарихи жерлер бар екенін айта келіп, Ұлытаудың тарихта орны бөлек екеніне назар аударды. Тарихи сұхбаттың қорытындысында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Мына тұрған қайындар, мынау жер сонау Жошы ханның да, Алаша ханның да, Тоқтамыстың да, Едіге батырдың да – бөрінің көзін көрген шығар. Мінекей, дүние деген осылай ылғи тұра береді. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабаларымыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік елдің жолы! – деді.

Осы орайда, тарих төрінде «Ұлытау ұландары» есімі әлі де ұлықталып, өзінің жерінде лайықты, мәңгілік орнын тапса деген ойдамын. Ұлытау жерінде, елді мекен «ауыл» аттары жаңаша атауларға лайық деп ойлаймын! Мәселен, Алғабас, Қаракөңгір, Егінді, Терісаққан ауылдарының атын батыл түрде өзгертіп, тарих сахнасында «Ерден атындағы, Сандыбай батыр атындағы, Кенесары хан атындағы, Мейрам Жанайдарұлы атындағы» ауыл деп өзгертсе, құба-құп болар еді. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында бірнеше көше аттары «Бабыр би, Кетбұқа, Ер Шоштан, Ерден», т.б. есімімен аталады. Қазағы көп оңтүстік облыстарда көптеген ауылдар, ондағы мектептер батырлар мен билер, тарих

раткері болған Ұлытау ұланы «Әбдісәмет Қазақбаев» атындағы көшеде тұрамын. Бұл тарихи тұлға, 1938-1947 жылдар аралығында Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болған екен. Осы жерлесіміздің атын неге туған ауылы Алғабас ауылында жаңадан салынып жатқан мектепке бермеске!

Халықтың Ұлы Отан соғысының Ұлы Жеңісіне 70 жыл торқалы тойы келе жатыр. Отан үшін қаза болған, Сарлық ауылында туған жазушы, ақын, журналист Баубек Бұлқышев атамyz есімі неге №3 Аманкелді орта мектебіне беріліп, мәңгілік есте қалдырылмасқа! Өзім оқыған XX ғасырдың 70-жылдары «Баубек» атымен аталып еді ғой. Мектеп бітірген аттестатымда «Б.Бұлқышев атындағы» орта мектепті бітірді деген жазу бар, мектептің 50 жылдан асқан тарихы бар. Өткен 2014 жылы №1 Ұлытау орта мектебі өзінің 80 жылдық тарихын атап өтті. Мектеп тарихы туралы «Ұлытау өңірі» газетінен оқып-біліп отырдық. Мектеп түлегі, Ұлытау ұланы, жерлесіміз, мемлекет қайраткері Камал Сейітжанұлы Смайылов ағамыздың есімі, осы білім ордасына лайық еді! Өлде, ұстаздар мен ұлытаулық бауырлар жоғары жаққа нақты пікір, ұсыныс бере алмады ма, екен!

Бүгінде, аудан мектептері санмен реттеліп, кеңес заманындағы жер-су атымен аталу-да. Бұл орайда, өзімнің ойым және ұсынысым, «Ұлытау ұландарының» есімі аудан мектептеріне беруге әбден лайық! Болашақ «Мәңгілік ел» идеясы дегеніміз тарихи тұлғалар есімін мәңгілікке қалдыру деп ойлаймын!

Жақында ауданымыздың Ақтас кентіне қарасты Пионер елді мекенін, көптің сұрауы мен ұсынысы бойынша, елді мекен үшін еңбегі сіңген, жомарт та, қамқоршы «Қыпшақбай атындағы ауыл» деп өзгерту туралы шешімді оқып, ауыл тұрғындарына қатты риза болдым! «Ұлытау ұландары» есімін ауылдарға, мектеп пен Мәдениет үйлеріне берудің өзіндік қиындығы бар екенін білем. Бірақ, ұлытаулық жерлестерім, менің осы ойымды ыстық ықыласпен қолдайды -деп сенем!

Мен осы ой-пікірімді перзенттік парызым деп есептеймін.

Кенжебек МОЛДАБЕКОВ.
Егінді ауылы.

Имандылық ирімдері

Бүгінде жануарларға мейірімділік көрсету былай қалып, ақылды деген адамдардың өзі де жүректері қарайып, қатыгез болып бара жатыр. Кредит пен кризистің ауылынан аса алмаған кейбір ағайындылардың туған бауырларын ұмытып бара жатқаны қандай қорқынышты?! Қу дүниенің соңын қуған кейбір жандардың туған ауылдарына ат ізін салмай, бірге туған бауырларымен араласпай кетуі одан да сорақы. Аллаһ Тағала Құранда: «Әй, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам Атадан) жаратқан және оның жұбайын (Хауа Ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер-әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар! Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңыздар. Аллаһ Тағала сендерді бақылаушы!» («Нуса» сүресі, 1-аят).

Аллаһ Тағала Құранда туыстық байланысты үзуден сақтандырып жатса да, жүрегінде иманы жоқ, Алладан алыстаған адамдар туыстық байланысты үзуге жанталасып жүр. Бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісі келіп: «Я, Расулаллаһ (с.ғ.с.), менің туысқандарым бар. Мен олармен қаты-

ге нешетүрлі сылтау іздеп жанталасып жүр. Ислам діні өкпелескен ағайындарға үш күннен асырмай татуласуға бұйырады. Қазіргі күнде адамдардың мейірімсіздігі, кекшілдігі соншалық, бір-бірін айлап, жылдап көрмей өтуге бар. Аллаһ Тағала мейірімді құлдарын жақсы көреді. «Мейірімділік көрсеткендер-

«не деген бақытсыз едім» деп жылайды. Әр адамның басында болатын қуаныш-қайғы, ештеңе де мәңгілік емес. Бәрі де уақытша нәрселер. Қуаныштың соңынан қайғы, жамандықтың соңынан жақсылық келетінін ұмытпай жүрсек болғаны. Нағыз бақытсыздық – Аллаһ Тағаланың рақымынан алы-

МЕЙІРІМДІЛІК – ЖҮРЕКТЕН

насқанға әрекет етемін, алайда олар оны қаламайды. Оларға жақсылық істесем, олар маған жамандықпен жауап береді. Мен момындық қылсам, олар науқандық білдіреді – деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен айтқаныңдай істеген болсаң, сенің



істегенің олар үшін ауыздарына ыстық күл салғанмен тең (яғни, олар туыстық қатынаста болуын қаламағаны). Ниетіңнен қайтпасаң, Аллаһ Тағаланың жәрдемінен құр қалмассың», – деп жауап береді (Хадисті Әбу һурайрадан (р.а.) имам Бұхари риуаят етті). Және бір хадисте былай делінеді. «Сапарда Нәбиге (с.ғ.с.) бір бәдәуи шал (дала тұрғыны) келіп: «Қандай амал мені жәннәтқа жақындатып, тозақ отынан сақтайды, маған соны айтыңызшы» деді. Мұхаммед (с.ғ.с.) «Аллаһқа құлшылық етіп, оған серік қоспа. Намаз оқып, зекетіңді бер. Туыстарыңмен жақсы қарым-қатынаста бол!» – деп жауап берді (Хадисті Әбу Нағимнен (р.а.) имам Бұхари риуаят етті). Соған қарамастан «кекшіл болма, көпшіл бол» деген ата-бабалар өсиетін құлағына қыстырмайтын кекшілдердің саны көбеймесе, азаяр түрі жоқ. Қазіргідей дағдарыс кезеңі пейілі тар, надан ағайындарға туыстық байланысты үзуге таптырмайтын себеп болды. «Қолда барда – алтынның қадірі жоқ» дегендей, жал-құйрықсыз жалғыз ағайындар «бірге туған бауырым жоқ» деп налыса, бір әке, бір шешеден тараған ағайындардың ішіндегі мейірімсіздері туған бауырының қадірін білмей, туыстық қатынасты үз-

ге мен де мейірімді төгемін, кешірімді болғандарды мен де кешіремін – деп уәде етеді. Аллаһ Тағала Құранда былай деді: «Мұхаммед (с.ғ.с.), оларға айт: «Егер Алланы сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ Тағала сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Алла аса жарылқаушы мейірімді де» (Өл-Имран сүресі, 31-аят). Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адамдарға мейірімді болмағанға, Аллаһ Тағала да мейірімділік етпейді» деген (Хадисті Жәбірден (р.а.) имам Бұхари, имам Мүслім және имам Тирмизи риуаят етті). Аллаһ Тағала құлдарын ең көркем бейнеде жаратып, барлық жақсы нәрсені берсе де, пенделер соның өзін дұрыс алып жүре алмай, мейірімсіз болып, Аллаһтың рақымынан алыстап бара жатыр. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы бір хадисінде: «Аллаһ Тағала рақымын тек мейірімді болған пенделеріне ғана нәсіп етеді» дейді (Хадисті Жәбірден (р.а.) имам Табарани риуаят етті). Яғни, туған-туысына, бауырларына мейірімді болмаған кекшіл адамдар Аллаһ Тағаланың рақымынан құр қалады деген сөз. Әр нәрсені жұп қылып жаратқан Аллаһ Тағала қуаныш пен қайғыны да егіз етіп жаратты. Иманы өлсіз жандар басына бір қиындық түссе,

стап, мейірімділіктен жұрдай болу. Құлдары мейірімді болса, Аллаһ та құлын сүйеді, күнәсін кешіріп, биік дәрежеге көтереді. Өкпешіл ағайындардың ішіндегі жүрегінде иманы бар жандар туыстық байланыстың үзілгенін қаламаса да, айтқанынан басқаға

көнбейтін, өзі де туған-туыспен араласуды қаламайтын, үйіне келген туған бауырларымен бір дастарқанда отырғысы келмейтін тәкәппар, ақылы таяз надан жандардың туыстық байланысты үзуге жанталасып жүргендерін көріп қынжыласың, амал қанша? Туыстық туралы бір құдси-хадисте былай айтылады: «Аллаһ Тағаланың Рақымды сипатының атауынан жаратылған туыстардың арасында қатынас үзілген уақытта туыстық: «Я, Раббым! Мен үзілдім, мен зұлымдыққа ұшырадым. Я, Раббым! Мені былай да, олай да кемсітті» – деп шағымданады. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала: «Сені (яғни, туыстық қатынасты) үзгенді рақымынан мақұрым етемін, ал сені сақтағанды рақымыма бөлеймін. Осылай етсем, разы боласың ба?» дейді (Хадисті Әбу һурайрадан (р.а.) имам Бұхари риуаят етті). Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өнегелі істері, көркем мінез-құлқы, нұрлы жүзі, әр пенденің жүрегінен орын алып, көз алдында тұрса, Аллаһтың тура жолын тапқан, мейірімді адамдардың саны көбейіп, жамандық азайып осылай болуын Аллаһтан сұраймыз!

Әнуарбек СҮЙІНБАЙ,
Сарысу селосы орталық мешітінің бас имамы.

ДІНІНЕ КӨҢІЛ
БӨЛМЕГЕН МЕМЛЕКЕТ
КҮЙРЕЙДІ

Иә, көп жылдар ел билеп, күшті мемлекет құрған Әмір-Темір осылай депті. Бұл сөз бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Мәдениеттің өзегі – дін. Ендеше дінге көңіл бөліп, оқып-үйрену – әрбір азаматтың борышы. Бұған, әсіресе, басшы азаматтар баса назар аударуға тиіс. Өйткені, ел ағалары халыққа басшылық жасап, бағыт-бағдар беріп тәрбиелеуге, үлгі-өнеге көрсетуге міндетті. Ал, діндар басшыны халық қашанда жақын көретіні белгілі. Себебі, елін сүйген, дінін сүйген азамат жерін қалай қорғаса, халықтың рухани дүниесіне де көңіл бөліп қорғай біледі.

«Бірлік – береке бастауы», «Иманды елді жау алмас» деп халық тегін айтпаған ғой. Діни сауаттылық халықты әртүрлі жаман әдеттерден, жат қылықтардан, болмашы тиын-тебен үшін Отанын сатып, басқа секталарға өтіп кетуден сақтайды. Шетелдік ақпарат құралдарында айтылып жататын қасиетті дініміз туралы алып-қашпа әңгімелердің төркінін түсініп отырады. Қысқасы, өзінің өркениетін, рухани дүниесін қорғай біледі. Әрине, ол үшін үнемі оқып, дінді танытпақ ләзім. Пайғамбарымыздың Мұ-

баратын күнін ойлап, мына дүниедегі бүгінгі күннің күйбеңімен жүре бермей, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистеріне сай өмір сүрсе деймін» деген сөзінің астарында үлкен мағына жатқанын түсінуге әрі соған сәйкес әрекет етуге тиіспіз.

Кешегі Кеңес үкіметі ойда жоқта құлайды деп кім ойлаған? Бұл да Алланың құдіреті. Тәуелсіздік алғанымызға 20 толып отыр. Бірақ көбіміз сол үшін Аллаһқа рахмет айтуды ұмытып кетеміз, не бәрін өзіміз жасағандай көреміз. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген даналыққа



хаммед (с.ғ.с.), «Талбесіктен жер бесікке дейін ілім іздеңдер» деп мұсылмандарға өсиет қалдырған.

Қасиетті Құранның да алғашқы аяты «оқы» деген сөзбен басталады. Әлем ойшылдарының көпшілігі Құдайдың барлығына, бірлігіне сеніп, Ислам дінінің артықшылықтарын мойындаған. Яғни, Исламды, ғылыми тұрғыдан жүйелі оқып-үйрену, оның өмірлік мәнін ұғыну қай жағынан болса да тиімді әрі пайдалы. Елбасымыз: «Біздің тегіміз түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек» деген. Және тағы бірде «халық Алласына, Тәңіріне сеніп, ертеңгі күнін, аржақтағы ана дүниеге

мен бермейміз. Аллаһтың кітабында, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде тәуелсіздік үшін және террористермен қалай күресу туралы анық айтылған. Соны оқып түсінуге, іске асыруға көбіміздің ерік-жігеріміз жете бермейтіні өкінішті. Ақиқатында, адамзаттың басты жауы, ең басты террорист – шайтан. Соның ықпалынан толық құтылғанда ғана біз нағыз тәуелсіздікке қол жеткіземіз. Бір қарағанда, бұл сөз әділ сияқты көрінуі мүмкін, бірақ нағыз шындық – осы. Аллаһ Тағала пенделеріне әділетсіздік жасамайды.

Дәулет ЖАЛБЫР,
Жезқазған аймақтық өкілеттігі Жезді кентінің бас имамы.

Сот тынысы

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ –
ЗАҢНАМАДАҒЫ ЖАҢА ҰҒЫМ

2014 жылы 4 шілдеде қылмыстық-процестік кодекс қабылданып, биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Осы кодексте көзделген көптеген жаңа тұжырымдарды біле жүру ешкімге артық болмайды. Осы заңға енгізілген көп жаңалықтардың бірі – процестік келісім. Сондықтан жаңа ұғымның мағынасына және оны қолданудың тәртібіне тоқталу жөн сияқты. Өйткені, бұндай процестік келісім жасау қылмыстық құқық қолдану тәжірибесінде бұрын болмаған. Жаңа заңда көрсетілгендей, процестік келісім дегеніміз – қылмыстық процестің кез-келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған адам арасында қылмыстық-процестік кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Процестік келісім екі түрлі нысанда жасалады, біріншісі, онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле, екіншісі, қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ, экстремистік, террористік қылмыстарды ашуға және тергеу-тексеруге ықпал ету кезінде барлық сипаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім түрінде жасалады. Келтірілген күдікке, айыптауға және істегі дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның мөлшеріне дауласпаған күдікті, айыпталушы, егер жәбірленушілер процестік келісім жасауға келіскен кезде өз еркімен тергеудің кез-келген уақытында прокурордың атына кінәлі мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасау туралы өтініш бере алады. Бұндай келісім прокурордың бастамасы бойынша жасалуы да мүмкін. Прокурор процестік келісім жасау мүмкіндігін, оның заңға сәйкес не қайшы екенін анықтап, келісім жасауға келесіде не келісімнен бас тартпайды. Прокурордың келісім жасаудан бас тартуы шағым жасалуға жатпайды, бірақ бұдан әрі келісім жасауға кедергі келтірмейді.

Жоғарыда айтып кеткендей, жәбірленушілердің біреуі келісімге келіспеген жағдайда келісім жасалмайды. Жәбірленуші келісіп, кінәні мойындау туралы мәміле жасалғаннан кейін ол залалды өтеу туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айырылады. Кінәні мойындау туралы мәміледе келісімде күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін әрекеттер және осы шарттарды сақтаған, міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмы-

стық заңның нормалары мен прокурордың сот алдында ол туралы өтінішхат беретін жазаның түрі мен мөлшері көрсетілуге тиіс. Күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинаған соң немесе бұндай әрекеттерді жүргізу қажеттігі болмаған жағдайда іс бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексеру аяқталды деп есептеліп, прокурор оны айыптау актісізсіз дереу сотқа жібереді. Сот кінәні мойындау туралы процестік келісіммен бірге келіп түскен істі қарау қорытындысы бойынша, егер процестік келісім туралы заңның толықтай сақталғанын анықтаса, процестік келісімге сәйкес сотталушыға жаза тағайындап, азаматтық талап қою және де басқа өндіріп алулар жөнінде айыптау үкімін шығарады. Сонымен қатар басты сот талқылауы барысында да мемлекеттік айыптаушы, сотталушы және оның қорғаушысы процестік келісім жасауға өтінішхат мәлімдеуге құқылы. Қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды және экстремистік, террористік қылмыстарды ашуға, тергеуге ықпал ету туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы және сотталып жазасын өтеп жатқан адам ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат бере алады. Күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен ынтымақтастық туралы процестік келісімді облыстық прокурор немесе оның орынбасары, ал сотталған адаммен – ҚР Бас прокуроры не оның орынбасары бекітеді.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімде де өтінішхат берген тұлғаның жасауға міндеттенетін әрекеттері, бұл шарттарды орындаған кезде қолданылуы мүмкін қылмыстық жауаптылықты және жазаны жеңілдететін мән-жайлар, прокурордың сот алдында сұрайтын жазаның түрі мен мөлшері көрсетіледі. Қажет болған жағдайда жасалған келісімнің құпиялылығы сақталады және өтінішхат берген адамның қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Егер өтінішхат берген тұлғалардың ықпал етуімен аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топ құрамында қылмыстар, сондай-ақ, экстремистік, террористік қылмыстар жасаған адамдар өшкереленсе және кінәлі адамдарға қатысты айыптау үкімі шығарылса, онда прокурор ынтымақтастық туралы келісімнің талаптарын орындауға шаралар қолданады. Ал сотталып, жазасын өтеп жатқан адамға қатысты үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешетін соттарға ынтымақтастық туралы келісімнің шарттарын орындау туралы өтінішхатпен жүгінеді.

Е.БЕЙСЕМБАЕВ,
Ұлытау аудандық сотының судьясы.

ХҚКО АРҚЫЛЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАРҒА
ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ ОТБАСЫНЫҢ ТИЕСІЛІГІН РАСТАЙТЫН
АНЫҚТАМА БЕРУ

беру бойынша уәкілетті орган Ұлытау ауданының жұмыспен және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу үшін келесі құжаттарды ұсынады: жеке басын куәландыратын құжат; Қазақстан азаматы — жеке куәліктің паспорт көшірмесі; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияратты және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігі. Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқалар мен көшірмелерде не нотариалды расталған көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары мемлекеттік қызмет алушыға қайтарылады.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабы 1 тармағының, 7) тармақшасымен белгіленген, уәкілетті органмен қарастырылатын мәліметтерді ұсыну тәртібін қоспағанда, мемлекеттік қызметті алушының ұсынған

Осы Заң өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдіктер ауруларынан қорғау саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды және егін өнімін, оның сапасын сақтау мен Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру кезінде адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерді болғызбауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Өсімдіктерді қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар (шаруа қожалықтары) өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен көп зиянды және ерекше қауіпті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
«ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ»
ЗАҢЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ

зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті. Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану пестицидтердің (ұлы химикаттардың) адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс. Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитариялық есептілікті табыс етеді.

Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың (шаруа қожалықтарының) міндеттері: фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге және зиянды организмдердің зиян тигізудің экономикалық шегінен көп дамуы мен таралуына жол бермеуге; пестицидтер (ұлы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға; фитосанитариялық есепке алуды жүргізуге және уәкілетті органға есептілікті табыс етуге; пестицидтердің (ұлы химикаттардың) тіркеу және өндіру сынақтарын ережеге сәйкес жүргізуге; пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандыруға және арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) тиісті жағдайда ұстауға; қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын талаптарды сақтауға; ҚР-ның өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымдарын орындауға; өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспекторларға олардың ҚР-ның өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын орындауына жәрдемдесуге міндетті.

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары: пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану ҚР-ның аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) тізімінде белгіленген тиімді және қауіпсіз

қолдану технологияларын сақтай отырып жүзеге асырылады; пестицидтерді (ұлы химикаттарды) техникалық регламенттердің талаптарын бұза отырып қолдануға тыйым салынады; пайдаланылмаған пестицидтерді (ұлы химикаттарды) уақытша сақтауға арнайы арналған орындардан басқа жұмыс орындарында қалдыруға тыйым салынады.

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары: пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау осы үшін арнайы арналған, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына, экологиялық талаптарға, санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай келетін арнайы қоймалық үй-жайларда жүзеге асырылуға тиіс; қоймалар үрлейтін және тартатын желдеткіштерімен жабдықталады. Тартатын желдеткіш құрғақ сүзгіш элементтермен жабдықталады; пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қоймада сақтауға үй-жайды санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қызметінің органдары зерттеп болғаннан кейін пестицидтерді (ұлы химикаттарды) алу және сақтау құқығына санитарлық па-

спорт жасалғаннан кейін ғана жол беріледі; сақталынатын пестицидтердің (ұлы химикаттардың) мөлшері қойманың жобалық құжаттамасында көзделген қойма сыйымдылығынан аспауға тиіс; пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар әзірлеуді, сондай-ақ аталған талаптардың сақталуын бақылауды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдары жүзеге асырады.

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары: пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тасымалдау қауіпті жүктерді көлік құралдарымен тасу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады; пестицидтермен (ұлы химикаттармен) бірге немесе бұрын пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тасу үшін пайдаланылған көлік құралдарымен тамақ өнімдерін, жемшөп және ауыз су тасуға қатаң тыйым салынады; пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тасымалдау үшін пайдаланылған көлік алдын ала тазартылмай және көлік құралы залалсыздандырылмай, басқа да тағамдық емес жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылуға тиіс емес.

Өсімдіктерді қорғау саласының негізгі міндеттеріне мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін, қолайлы фитосанитариялық ахуалды және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде пестицидтердің (ұлы химикаттардың) адамдардың денсаулығына зиянды әсерінің, ауыл шаруашылық өнімі, қоршаған орта ластануының алдын алу және оларды болдырмауды қамтамасыз ету болып табылады.

М. ҚОҢЫРҚҰЛЖИНОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

сының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» №394 қаулысының негізінде көрсетіледі.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметтерді көрсету барысындағы қабылдаған шешімдері мен іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте жауапты болады. Қызмет пилоттық режимде жұмыс істейді және әзірге Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері арқылы тікелей Халыққа қызмет көрсету арқылы тұрғындарына ғана қолжетімді. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны автоматтандырылмаған. Мемлекеттік қызмет түрі тегін көрсетіледі.

ХҚКО мекемесі дүйсенбі – сенбі күндерінде тәнертенгі сағат 9-дан 20-00-ге дейін қызмет етеді. Мекен-жайымыз: Ұлытау ауданы Ұлытау селосы Аманкелді көшесі 29-А, Хабарласу телефоны: 8-(71035) 2-16-24; 2-13-06.

Ұлытау ауданындағы «ХҚКО» РМК бөлімі.

Есірткіге

Бабаларымыз “Аурудың алдын ал, жаудың алдын ал, қайта көтерілген даудың алдын ал» деген екен. Ғасыр дертіне айналған есірткі және оны тұтынудан аулақ болу, кеселдің алдын алу қажеттілігі бүгінгі күн тәртібіндегі ең басты өткір мәселелердің бірі болып отыр. Соңғы он жылда еліміздегі нашақорлар тобы молайып, оның ішінде балалар арасындағы есірткіге құмарлар қатары 13 есе өскен екен. Соның ішінде есірткі дертіне шалдыққандардың жасы отыз жастан жоғары емес. Бұл жағдай күннен-күнге есірткі пайдаланушылардың “жасарып” келе жатқандығын дәлелдейді. Талай жеткіншек нашақорлық салдарынан қауіпті кеселдің құрбанына айналып, жыл сайын ата-ана, туған-туыстарына қайғы-қасірет әкеліп жатыр.

Нашақорлық – бұл есірткі заттарды (гашиш, марихуана, героин және басқа) қолдану салдарынан пайда болатын ауру. Нашақорлық, яғни наркомания ежелгі гректің “нарко” деген сөзінен шыққан, ол “қозғалыссыздық”, ал “мания” “ессіздік” деген мағынаны біл-



діреді. Осы ұғым бұл аурудың нағыз мәнін сипаттайды. Есірткі қабылдайтын барлық адамдар есірткі заттарға тәуелді болып, соның салдарынан оларға барған сайын үлкен доза керек болады. Нашақорлықты емдеуден гөрі алдын алу жеңілрек болады. Нашақорды емдеу үшін 3-6 айdan бастап 2 жылға дейін уақыт қажет. Мәліметтер бойынша нашақорлардың тек 5%-ы ғана өздігінен қалыпты өмірге оралатыны мәлім. Ал қалған 95%-ы не болады? Егер бұрын жағдайы нашар ортадан шыққандар ғана нашақор болса, ал қазір бұл эпидемия қоғамның барлық деңгейін қамтып келеді. Нашақорлық ұлт таңдамайды. Есірткіге құмарлық өмір бойы сақталуы мүмкін. Тек санаулылары ғана

есірткіге тәуелділікті жеңе алады. Қауіптен құтылудың ең дұрыс тәсілі – оларды ешуақытта татып көрмеу.

Халық арасында нашақорлықтың, есірткі бизнесінің алдын алу, есірткіні тұтынудың зияндылығы және есірткімен байланысты қылмыстар үшін жауаптылық жөнінде халықты ақпараттандыру мақсатында **2015 жылғы 23-26 ақпан** аралығында Ұлытау ауданы аумағында нашақорлықтың алдын алу бағыты бойынша **«Есірткісіз көше (шағын аудан, квартал, қала, ауыл, облыс)»** қозғалысы аясында алдын алу амалдары жүргізіліп жатқанын хабарлаймыз.

**Ұлытау ауданы
ІІБ-нің әкімшілік
полиция бөлімшесі.**

ТЖ бөлімі хабарлайды

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АЙЛЫҒЫ

Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының бас ассамблеясы қабылдаған IX қарарына сәйкес, әр жылдың 1-наурызында «Халықаралық Азаматтық қорғау күні» аталып өтілді. 2015 жылғы Бүкіләлемдік Азаматтық қорғау күнінің тақырыбы: «Төтенше жағдайлар пайда болғанда педагогикалық құрам мен оқушылардың әрекет ету тәртібі».

Бұл күнді дүниежүзіндегі әлемнің 70-тен аса мемлекеттері, оның ішінде Еуропаның, Азияның және Африканың елдерінде де Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы бекітілген, себебі әлемдегі мемлекеттерде Азаматтық қорғаныс қызметтері ТЖ-дың алдын алу мен оларды жою, т.б. да табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ға төтеп беру үшін бірлесе іс-қимылдар атқарады. Ал бұның басы алдағы 1931 жылы француз хирургі, генерал Жорж Сант-Пол Париж қаласында «Женева аймағы» ассоциациясын құрған болатын, кейіннен 1958 жылы осы ассоциациясы Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы болып аталған. ҚР 1996 жылдан бастап осы

Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымына мүше болып қабылданған, осы Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымымен бірге ТЖ-дың алдын алу мен жою, т.б. да табиғи мен техногендік апаттарды жою жұмыстары жөнінде бірігіп, іс атқаруда. Осы уақыт ішінде ҚР-да ТЖ-дың алдын алу мен жою және техногендік сипаттағы ТЖ-дан халықты қорғау жөнінде көптеген жұмыстар атқарылды, оның ішінде ТЖ Министрлігі құрылып, оның құрылымдары біріктіріліп, өзгерістер жасалды, ТЖ-дың алдын алу мен жою жолында Мемлекеттік қызметтер жұмыс атқарады. ҚР осы Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымына мүше болғалы бері көптеген іс-шаралар атқарылды, басқа мемлекеттермен қызметтік

тәжірибелер мен мамандардың кәсіби даярлықтарын жетілдіруге септігін тигізіп отыр. Біздің елімізде халықты қорғау мен қоршаған ортаға, шаруашылық нысандарында ТЖ-дың алдын алу мен жою бірден бір мемлекеттік саясат болып табылады.

Қазіргі уақытта халықты және шаруашылық нысандарын ТЖ-дың алдын ала хабарлауға орталықтандырылған, автоматтандырылған Азаматтық қорғаныс дабылдары қолданылады, т.б. да еліміздегі телерадиокоммуникация жүйелері арқылы жеткізіліп отырады, уақытында хабарланған халықты және шаруашылық нысандарында зиянын тигізбей ТЖ-дың алдын алу мен жою жөнінде мүмкіндік туғызады. ТЖ Министрлігі Қарағанды облысының ТЖД Ұлытау ауданы ТЖБ халықты өз өміріне және басқа адамдардың тағдырына жауапкершілікпен қарауға шақырады.

**Ұлытау ауданындағы
ТЖ бөлімі.**

ӘСКЕРИ-ҮЙРЕТІЛГЕН РЕЗЕРВКЕ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ШАҚЫРАМЫЗ

Әскери-үйретілген резерв ақылы негізде әзірленеді. Қазақстан Қорғаныс министрлігінде азаматтарды ақылы негізде әскери-үйретілген резервке әзірлеу басталып кетті. Бұл 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» Заңына сәйкес жүзеге асырылуда. Дайындық «Әскери-техникалық мектеп» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары филиалдарының базасында өткізіледі. Аталған дайындық түрі дәстүрлі мерзімді қызметке өзіндік балама болмақ. Азаматтарды оқуға іріктеуді жергілікті Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі жүзеге асырады. Екі кезең бойынша оқыту белгіленді: наурыз-маусым, қыркүйек-желтоқсан айлары. 2015 жылы ақылы негізде 11 азаматты оқыту жоспарланған. Қырық күн оқыған мерзім ішінде азаматтар теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде ұштастырады. Ол үшін Қарулы Күштер әскери бөлімдерінің полигондары мен тирлерінде жаттығудан өтіп, қару-жарақ, әскери техника және әскери қызметшілердің күнделікті

тыныс-тіршілігімен танысатын болады. Оқу қорытындысы бойынша емтихан тапсырғаннан кейін оқушыға санат беріледі, ант қабылданады. Ақылы негізде әскери-үйретілген резервті тәмамдағаны жөніндегі сертификаты бойынша әскери билет алып, әскери міндеттілер ретінде есепке қойылады. Азаматтардың оқығандары үшін төлеген қаржылары олардың толық әскери киім жиынтығын алуына, тамақтануларын ұйымдастыруға жұмсалады. Оқу аяқталған соң далалық киім-кешек пен басқа да бұйымдар мен мүліктер түлектердің өздеріне сақтауға беріледі.

Әскери-үйретілген резервті төлеп оқыту-үйрету бағдарламасы бойынша 263 мың 318 теңге қаржы белгіленген. Әскери істі үйреніп, Отан қорғауға әзір болуды қалайтын әскерге шақырылушылар аз емес, олар сонымен бірге, атыс қаруынан атуды оқып-үйренуге, оны қолдануды меңгеруге де мүдделі. Филиалдарда оқып жатқан құрамның негізі орта-арнаулы және жоғары білімі барлар. Мектепте әскерге шақырылушылар болашақ мерген, пулеметші, гранатометші маман-

дығы бойынша танысу курсынан өтеді. Әскерге шақырылушыларды дайындау аясында жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің маңызы артады, себебі, ол ысылған әрі күшті Отан қорғаушыларды даярлауға шешуші үлес қосады. «Азаматтарды әскери қызметке әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ алғашқы әскери дайындықтың оқу-материалдық базасын қалыптастыру туралы ереже» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы №118 қаулысымен бекітілгенін айта кеткен орынды.

Әскери-техникалық мектепке барам деушілерге Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскери қызметшілерді келісім-шарт бойынша іріктеу және әскерге шақыру бөлімшесіне хабарласуларыңызды сұраймын.

**Ә. ҚҰСАЙЫНОВА,
Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскери қызметшілерді келісім-шарт бойынша іріктеу және әскерге шақыру бөлімшесі басшысының көмекшісі.**

«Қазақстанда жасалған» акциясы аясында

Сауда
нысандарында –
отандық тауарлар

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясын өткізу жөнінде тапсырма берген болатын. Осы орайда, барша отандастарымызбен бірге ұлытаулықтар да «Қазақстанда жасалған» акциясына белсенді түрде үн қосуда. Қазіргі кезде аудан орталығындағы дүкендерде отандық тауар өндірушілердің өнімдері сұранысқа ие бола бастады. Өйткені, кез келген сауда дүкендеріне кіріп барсаңыз, қарсы алдыңыздағы отандық өнімдер қойылған сөрелердегі «Қазақстанда жасалған» деген жазулар қарсы алады. Осы «Қазақстанда жасалған» акциясына Ұлытау ауданының кәсіпкерлері үлкен қолдау көрсетіп отыр. Бүгінде ауданның сауда нүктелерінде аталған акцияның төлтаңбасы мен жазулары бар баннерлер қойылды. Сондай-ақ, сауда нысандарында қазақстандық тауар өндірушілердің өнімдері сатып алушыларға қолайлы орындарға орналастырылды.

«Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясы осы қолдауды одан әрі жандандыра түсетініне нық сенімдіміз.

**Г.АУҒАНОВА,
аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп
бөлімінің басшысы.**

Дәрігер кеңесі

Көлік. Жол. Өмір

Жолаушының міндеті: көлікке отырғанда қауіпсіздік белбеуін тағу, ал мотоциклге отырғанда арнайы бас киімді кию; көлікке жаяу жол немесе жолдың жиегінен отыру және түсу керек, ол мүмкін болмаған жағдайда қауіпсіз болса және басқа жол үстіндегілерге кедергі жасамай жүретін жол жағынан түсуге немесе отыруға болады.

Жолаушыларға: қозғалыс кезінде көлікті жүргізіп келе жатқан жүргізушіні алаңдатуға; жүк көлігінде келе жатқанда борт платформа-сына, бортқа немесе борттан биік жүктің үстіне отыруға; қозғалыс кезінде көліктің есігін ашуға, терезеден және люктен басын шығарып қарауға болмайды.

Жаяу жүргіншілердің міндеті: жаяу жүргіншілер жаяу жол немесе жаяу жүргіншілер өткелінен жүруі тиіс; қозғалтқышсыз мүгедектік арбамен жүретін тұлғалар жүретін жолдың жиегімен (жолақпен бөлін-

ген жол – жүретін жолдың сыртқы шетімен) жүре алады; жаяу жол, жаяу жүргіншілер өткелі немесе жолдың жиегі болмаса, сондай-ақ онымен жүруі мүмкін болмаған жағдайда жаяу жүргіншілер велосипед жолымен немесе жүретін жолдың жиегімен (жолақпен бөлінген жол – жүретін жолдың сыртқы шетімен) жүруге болады; елді мекеннен тыс жердегі жолда жаяу жүргіншілер көлік қозғалысына қарама-қарсы жүруі керек; жаяу жүргіншілер жүретін жолдан жаяу жүргіншілер өткелі, оның ішінде жерасты және жерүсті өткелінен өтуі, ал ол болмаған жағдайда жаяу жол немесе жол жиегімен қиылыстан өту қажет.

Жол қозғалысы ережесін сақтаңыз және балаларға үйретіңіз!

**Ж.МҰСАБЕКОВ,
дәрігер.**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Ұлытау ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі аудан тұрғындарына, аталған бөлім қызметкерлері тарапынан ҚР «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы баптарын бұзу, Мемлекеттік қызмет этикасын сақтамау, Ар-намыс кодексі талаптарын орындамау фактілері орын алған жағдайда бөлімде, **2-14-62** сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

№1 Ұлытау орта мектебінің ұжымы Ұлытау ауданы білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мейіржан Жәкенұлы Сыздықовқа **ағасы Еркіннің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау селосының тұрғыны, адал жар, аяулы ана, ардақты әже **Ләйла ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ** тірі болғанда 2015 жылдың 8 наурызында 74 жасқа келер еді. Амал қанша, біздің маңдайымызға бұл қызық-қуанышты жазбапты. Анамыздың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады!

Аяулы ана, асыл жар жүрегі кең, Сыйлы едің-ау ақжарқын мінезіңмен. Сол қалпыңнан айнымай бақылыққа, Кете бардың аттанып бұл өмірден.

Жеңе алмадың, қайтейік, ауыр дертті, Арамыздан сұм ажал алып кетті. Атап өтіп Аналар мейрамында, Отырар ма ек сен толған – «74-ті»?! деген жыр шумақтарын арнап, жан анамыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын дейміз.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.



СЫМБАТТЫ ШАҢҒЫШЫ АРУЛАР

Мұхтар ЫБЫРАЙҰЛЫ

Жезді №6 орта мектебіндегі Нағима Ідірісова – денешынықтыру пәнінен дәріс беретін үздік спорт маманы. Ол қысқы спорт түріне айналасындағылардың барлығын баулып жүрген тамаша жан.

Өткен жылы аудандық спартакиадаға ерінбей-жалықпай дайындаған әріптестері шаңғымен жүгіру жарысында жүлделі орындарға ие болған еді. Атап айтқанда, Әсем Құлажанова шаңғы жарысынан топ жарып, I-орын иеленсе, Динара Әбдікєрова да одан қалыспай II-болып келген-тін. 8 наурыз мерекесі қарсаңында сұлу да сымбат-




ты шаңғышы аруларға денсаулықтарыңыз мықты боп мол табыстарға жете беріңіздер демекпіз.

Бәрекелді!

ОЛЖАЛЫ БОЛҒАН МҰРАЖАЙ

Өткен жылдың 5 желтоқсан айы мен биылғы жылдың 28 ақпан айының аралығында Жезді кентіндегі Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы мен Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік Өнер музейінің бірлескен көрмесі Алматы қаласы жұртшылығының назарына ұсынылған болатын. Көрме тақырыбы – «Еңбек. Мақсат. Өмір. Озық ой». Осы көрме аясында 2015 жылдың 29-қаңтарында өткен мәдени-әлеуметтік мәселелер жөніндегі мамандары, ҚР суретшілері, өнер-



танушылары мен қоғам өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Экспонаттар мен Қорда сақталған құнды құжаттарды көрмеге ұсынғаны үшін Ә.Қастеев атындағы Өнер музейінің директоры Г.К.Шалабаева Жезді кентіндегі Тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің директоры З.Қазанбаеваға алғысын білдіріп, Сертификат табыстады.

Өз тілшіміз.

ОБЛЫСТА ТОП ЖАРДЫ

Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ

Елімізде биылғы жылдың 9 мамырында тойланатын Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құрметіне, саналуан спорттық іс-шаралар өткізілуде. Әсіресе, орта білім беру орындарында бұл үрдіс қызу қолдау тауып отыр. 24-28 ақпан күндері аралығында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Қарағандыда, тоғызқұмалақтан жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында облыстық біріншілік өткен еді. Облыстық біріншілікті өткізудегі мақсат – ұлттық ойындардың бірі – тоғызқұмалақ ойынын насихаттау, жас тоғызқұмалақшылардың шеберліктерін шыңдау, Қарағанды облысының құрама командасын жасақтау. Облыстың 7 қаласы мен 9 ауданынан 2001-2005 жылғылар бақ сынасқан бұл біріншілікке, 120-дан астам оқушы қатысқан болатын.

Ұлытау ауданының намысын 11 борсеңгірлік, 2 жезділік тоғызқұмалақшы балалар қорға-



ды. Аудандық БДШС бөлімінің әдіскер-нұсқаушысы И.Тобашев, №10 Борсеңгір орта мектебінің жаттықтырушысы Т.Түсіпәлі және №6 Жезді орта мектебінен О.Ермаған-

бетов бастап апарған жас тоғызқұмалақшыларымыз, облыстық біріншіліктен олжалы оралды. Борсеңгір ауылының жас тоғызқұмалақшылары Ақтілек Рахымжан (6 ұпай), Диана Амангелдинова (5 ұпай) және Мәдина Қонысбай (4,5 ұпай) тәп-тәуір ойын өрнегін көрсетсе, қажетті 9 ұпайдан 8 ұпай жинаған Серікболсын Тұралы (2005 жылы туған) жүлделі I-орынды жеңіп алды. Серікболсын ұйымдастырушылардың арнаулы Грамотасымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Сонымен қатар ол, 24 наурыз күні Павлодар қаласында өтетін республикалық жарысқа жолдама алды.

Жеңіс тұғырынан көрінген Серікболсынға «Жеңісті жолдарың жалғаса берсін!» дейді аудан жұртшылығы.

Суреттерде:
облыста топ жарған С.Тұралы; шаршы алаңдағы



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Әйтемов Марғұлан ЕСЕНҚАБЫЛҰЛЫ!

Сізді 40 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Қырық жас, қылыш жас қамал алар шағыңыз. Осы жаста алмас қылыштай жарқылдап, мәртебеңіз асқақтап, отбасыңыздың шуағына бөленіп, көңіліңіз көтеріңкі, ғұмырыңыз ұзақ болсын. Ұл-қыздарыңның қызығына тоймай, жұбайың Әлмирамен бақытты да ба-янды өмір сүрулеріңе шын жүректен тілек білдіреміз.

Өмір әр қырын іздер арай,
Бақыт құсы самғасын сізге қарай
Қырықтың асуынан еркін асып,
Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай.

Елу мен алпыста да нар болғайсың,
Жетпіс пен сексенде де бар болғайсың.
Тоқсанның төбесіне шыққан шақта,
Немере, шеберелі шал болғайсың.



Ізгі тілекпен: Әйтемовтер отбасы.

Қайырымдылық жасау – маңызды іс

Ұлытау ауданына қарасты Жезді кентіндегі жастармен жұмыс жасау инспекторы Айдаңа Жәкенованың қызметін бастағанына жылға толмай жатып-ақ толымды істерімен көпшіліктің алғысына бөленіп келеді. Расын айтқанда, әркіммен тіл табыса білетін жас маман төңірегіне жастарды жинап, жалғызділікті қарияларға көмекке қолұшын созып келеді.



Қыс күндері №6 орта мектебінің тәлімгері Жанар Әубәкірованың ертіп әкелген ересек оқушы балаларымен бірлесе отырып ауылымыздағы жалғыз соғыс ардагері Нығмет Махановтың ауласын қардан аршып, т.б. да үй шаруашылығына жәрдемдескен еді. Игілікті істердің атқарылып жатқанын естіген кенттегі мешіттің имамы Дәулет Бәргенұлы жұмыс қолы керек болса біздің намазхан жастар да әрқашан дайын тұр деген хабар жеткізген-тін Айдаңаға. Иман-жүзді діндар жігіт қайырымдылық жасаудан тартынған ба! Ол Айдаңаның соңынан бір топ намазхандарын ертіп жіберіп, тыл ардагері Әбду Сатыбалдин ақсақалдың да үй маңын тазалатқызып, отынын жарғызып, суын тасытып берді. Дін жолына енді ғана бас қоя бастаған Шыңғыс Бахытхан, Абылай Күдеров, Сабыр Шаяхмет, Оразбай Ахметовтердей намазхан жастар Әбду ақсақалдың батасын алып, талай істі тындырып тастаған болатын. Енді бірде А.Жәкенованың өтінішімен кент имамы Д.Жалбыр қайырым-

дылық концертін ұйымдастыруға көп септігін тигізген-тін. Қайырымдылық концертінен түскен қаржыны жастар жетекшісі мен кент имамы мектеп-интернатта жатып оқитын балаларға табыстаған болатын. Қашанда қолы ашық, мейірімді имам мешіт тарапынан балаларға қайырымдылық жасап, 20 мың теңгенің үстіндегі киім-кешектерді де үлестірген болатын. 8 наурыз қарсаңында мешіт имамы Д.Жалбыр алыс аймақтардан келіп, жатақханада жатып оқитын 20 қыздың бәріне алма жемісін сыйға тартып, табиғи жемістің шырынды сусынынан бәріне жеткілікті түрде дәм таттыратындығын айтқан болатын.

Ратхум ИБРАГИМОВ.

Суретте: жастар жетекшісі А.Жәкенова мен кенттегі мешіт имамы Д.Жалбыр, қайырымдылық концертінен түскен қаржыны мектептің тәрбие жөніндегі меңгерушісі М.Аубаева мен әлеуметтік педагог І.Жалбырға табыстап тұрған сәті.

Аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 10



**Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ**